Сөзді жинақтап салыстыру үшін, тіл білімінің салғастыру-салыстыру әдістері қатар қолданылды. Туыстас тілдердегі элементтерді, бірліктерді зерттеу барысында типологиялық әдіс жақсы көмектеседі. Осы сөздіктегі сөздердің қолданылуын ашу мақсатында тарихи әдістермен қоса, типологиялық әдіс те қолданылды. Сөздерді реттеу, түзу үшін структуралық әдіс те пайдаланылды.

Талқылау мен бақылау. Әрбір ғылым саласының тарихи даму жолы болады. Қазақ тіл білімінің кемеліне келіп, қалыптасқан қай саласын алатын болсақ та, әрқайсысының жетілу кезеңдері бар. Қазақ тіл білімі тарихында Қ. Жұбанов, А. Байтұрсыновтың орны ерекше. Тілдік тәсілдердің қолданылу орны мен жұмсалыу жүйелеріне ат қойып, айдар таққан А. Байтұрсынов болса, олардың қалыптасу, даму, жұмсалыу заңдылықтарына ерекше күш салған – Қ. Жұбанов еді. Ғалымның еңбектерінде ертеде сөйлем мүшелерінің бұл күндегі орналасу тәртібі өзгеше болғанын дәлелдейді. Шынында да, «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі сөйлем құрылысы осыған дәлел болмақ. Мысалы, *töküldi yamȳur taȳi qan /töküldi iȳamȳur taȳi qan / (107)* – жаңбыр мен қан төгілді. *muqim boldi saraȳda muqim boldi saraȳda (110)* – сарайда өмір сүрді. Мұнда сөйлемдердің қазіргі кездегі байланысымен салыстырғандағы ерекшелігін байқау қиын емес. Яғни, баяндауыш болатын сөздер сөйлемнің басында кездесіп отырады. Қ. Жұбановтың келтірген ғылыми болжамдары мен пайымдары әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпай келеді. Тек сөйлем

мен сөйлем мүшелеріне ғана қатысты емес, сөз тіркестерінің тарихына қатысты пікірлерінің маңызы зор.

Тіліміздің синтаксис саласын қарастыратын болсақ, алғашында сөйлем құрылысы синтаксисі деп қарастырылды. Кейіннен сөз тіркесі синтаксисі жеке зерттеле бастады. Алғаш 1950 жылдары сөз тіркесі синтаксисінің жасалу жолдары заңдылықтары қарастырыла бастады. Кейіннен жүйелі тармақтары, түрлері жасалу тәсілдері анықтала бастады. Осыдан кейін сөз тіркесі жай сөйлем синтаксисінен бөлініп, жеке синтаксис саласының бір саласы ретінде дами түсті [3, 36].

Сөз тіркесі синтаксисін зерттеуде нәтижеге жету үшін, тарихын білмейінше мәселенің байыбына бара алмаймыз. Қазақ тіл білімінде 50-60 жылдардан бастау алды деуге негіз бар. Оған дейін жай сөйлем синтаксисі саласы бастау алған еді. 1953 жылы шыққан мектеп оқулықтарында: «Тиянақты ойды білдіретін бір сөзді бірнеше сөз тіркесін сөйлем дейміз» [4, 3].

Демек, қазақ тіл білімінде «сөз тіркесі» термині ХХ ғасырдың ортасынан бастап қолданыла бастады. Белгілі ғалым С. Жиенбаев қазақ тілінің синтаксис бөліміне елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі. Оның жай және құрмалас сөйлемдерге арналған еңбегінде сөз тіркесі бөлек талданбайды. Ғалым сөз тіркесін «үйірлі мүше», – деп қарастырып, сөздердің қалай тіркесетінін, олардың байланысын атап өткен. Есімді және етістікті сөз тіркестерінің жасалу жолдары қаралады.

1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» деген атпен үлкен зерттеу еңбегі жарық көрген болатын. Бұл кітапта тілдің барлық салалары қамтылды. Еңбек жүйелі әрі жаңалықтарға толы болды. Синтаксис саласында сөз тіркестерін жай сөйлемнен бөліп алып, өзіне тән ерекшеліктері бар ғылым саласы ретінде қарастырылды.

Түркі тілдерін зерттеушілердің ішінде сөз тіркесін жан-жақты зерттеудің нысаны етіп алған ғалымдардың бірі – И. Убрятова болып табылады. Ғалымның «Исследования по синтаксису якутского языка» атты еңбегінде қарастырды. Сөз тіркесін «бір бүтін мағыналық единица» деп қарастырады.

Ал ғалым Н. К. Дмитриев сөз тіркесін сөйлемнен бөліп қарастыру керек деген құнды пікірдің иесі. Ғалымның сөз тіркесі жайлы зерттеулерінде олардың білдіретін мағынасына қарай ажырату керек екенін үгіттейді. Бұл пікірді Н.А. Баскаков та қолдайды.

Анықтауыштық, пысықтауыштық және толықтауыштық қатынастағы сөздер тобы пайымдауды білдірмесе, сөз тіркесі деп тұжырымдайды да, білдірсе – сөйлем деп айтады.

Сөз тіркесі – сөйлем құраудың негізгі бөлігі. Сөйлем ішінде белгілі бір грамматикалық маңызға ие бірлік. Олардың құрамына да сан алуан сөздер енеді. Кез келген сөздер де сөз тіркесін құра алмайды. Ескерткіш тілінде де кез келген екі сөз сөз тіркесінің қызметін атқара алмайды. Демек, қай жағынан алсақ та, толық мағыналы екі сөздің лексика-грамматикалық жағынан үйлесуі сөз тіркесін береді. Сөйтіп, сөз тіркесінің құрамына толық мағыналы тіркесу қабілеті бар сөздер енеді [5,76].

Қазіргі қазақ тілінің сөз тіркестерінің түрлері секілді «Мукаддимат әл -Адаб» ескерткішіндегі сөз тіркестерін тіркесу қабілетіне қарай есімді және етістікті деп екі топқа бөлеміз. Ескерткіш тілінде дайын сөз тіркестері мен сөйлемдер өте көп. Оларды тіркесу қабілетіне қарай бөлдік. Есімді сөз тіркестерін, оның ішінде қабысуды қарастыруды жөн санадық. Ескерткіш тілінде есімді қабысулар жиі ұшырасады. Қазіргі тіл біліміндегі есімді қабысуды жасалу жолдарын ескере отырып қарастырамыз.

Сөздер бір бірімен байланысуда синтаксистік қызметке түсу үшін мағыналық жағынан берік байланысу керек. Мысалы, ескерткіш тіліндегі *Qıldi*, *ḡarab*, *abadan*, *yerni*, ер сөздері бытыраңқы сөздер. Бір бірімен ешқандай мағыналық байланысы жоқ, кез келген сөздер тобы деуге болады. Ал бұл сөздер аяқталған ойды білдіретін сөйлемнің құрамына енгенде, өзара синтаксистік байланысқа түседі. *Abadan qıldi er ḡarab yerni* /абадан қылды ер хараб йерні / (93) -ер адам қиранды елді көркейтті. Мұнда *ḡarab yerni*, *qıldi er*, *qıldi yerni* сөз тіркестері пайда болады. Демек, ескерткіш тілінде сөз тіркесінің байланысу түрлерінің барлығы кездеседі.

Сөздер тіркесіп келіп, тұтас сөйлем болғанда, өзара синтаксистік тәсілдер арқылы байланысатынын білеміз. «Мукаддимат әл Адаб» тіліндегі сөздердің байланысу тәсілдері қазіргі қазақ тілімен өте жақын [6, 13]. Жалғаулар арқылы байланысады (септік, тәуелдік, жіктік, көптік):

Шылаулар арқылы (демеулер, жалғаулықтар), *indedi anı iş ücün* /індеді аны іш үчүн/ (96) – Оны іс (жұмыс) үшін шақырды.

Сөздердің орын тәртібі арқылы: *ala qarqa* /ала қарқа/ (97) – ала қарға, *сүйүк ot* /чүчүк от/ (101) – шүйгін шөп.

Ескерткіш тілінде интонация арқылы байланысу кездесе бермейді.

Осы байланысу тәсілдерінің негізінде байланысу формалары қалыптасады. Қазақ тілінде сөздердің байланысу формаларының мынадай түрлері бар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

Есімді тіркестер:

Қабыса байланысқан есімді тіркестер: Ескерткіш тілінде сөз тіркестерінің барлық түрлері ұшырасады. Сонда да оларды есімді және етістікті сөз тіркестері деп бөліп қарастырамыз. Қабыса байланысу көне түркі тілінен бері келе жатқан байланысу формасының ерекше түрі. Ескерткіш тілінде де есімді қабысу жиі кездеседі.

Қабысу – түркі тілдерінде жиі ұшырасатын байланысу формаларының бірі болып табылады. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөздің ыңғайына, яғни, тұлғасына бейімделсе, қабысуда тең дәрежеде ешқандай жалғаусыз байланысады. Ескерткіш тілінде де осы ерекшелік сақталған [7, 36]. Мысалы, *abadan yer* (93) /абадан йер/ – қолайлы жер, *abadan saraı* (93) /абадан сарай/-қолайлы сарай. Яғни, орын тәртібі арқылы байланысады.

Ескерткіш тілінде есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары әртүрлі болып келеді: зат есім, сын есім, сан есім, үстеу, есімше. Ал басыңқы сыңарлары зат есім, сан есім, субстантивтенген сын есімнен жасалады.

Ескерткіш тіліндегі қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы көп емес. Олардың жасалу жолдары қазіргі тілімізге жақын болып келеді. Қабыса байланысатын сөз тіркестерінің жиі қолданылатын түрі зат есімнен құралатын тіркестер болып табылады. Екі зат есім қатар тұрып, орын тәртібі арқылы алдыңғысы соңғысына бағына байланысады. Мысалы: *aiıǵı at* /айғыр ат/ (97) – айғыр ат, *хурма уїғасı* /хурма йығачы/ (95) – құрма ағашы.

Зат есімнен жасалған есімді сөз тіркестері көбіне екі сөзден құралады. Олар анықтауыштық қатынасты құрайды. Екі зат есім атау септігінде тұрып, қабыса байланыс орнатады. Яғни, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағына байланысып тұрады. Ескерткіш тілінде зат есімнен құралған сөз тіркестері көбінесе екі сөзден құралады. Олар әр уақытта анықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Қазіргі қазақ тіліндегідей ескерткіш тілінде де анықтауыштық қатынас кез келген зат есім бола бермейді. Өзара мағыналық байланыста бола алатын сөздерден тұрады. *altun uša* /алтун уша/ (99) – алтын үгіндісі сөздері, керісінше, *uša altun* /алтун уша/ (99) – үгіндісі алтын деп айтылмайды.

Байқағанымыздай, ескерткіш тілінде анықтауыштық қатынаста жұмсалу үшін, екеуінің алдында басқа сөздің болуын талап етіп тұратын сөз тіркестері кездеседі [6, 89]. Мысады, *künlüg qonaq* /күнлүг қонақ/ (234) – күндік қонақ деп айтылмайды *üç künlüg qonaq* /үч күнлүг қонақ/ (234) – үш күндік қонақ, *baş at* /баш ат/ (130) – бас ат емес *aq baş at* /ақ баш ат/ (130) – ақ бас ат деп айтылады. Зат есімнен болған сөз тіркесінің бірінші сыңары конкретті, материалды заттың аты немесе басқа есімдерден болады.

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыштық тіркес бір екпінге негізделеді. Яғни, ешқандай жалғаусыз орын тәртібі арқылы байланысады.

Сонымен, зат есімдерден құралған сөз тіркестері мынадай мағыналық қатынаста жұмсалады:

1. Заттың қандай заттан жасалғанын анықтау мақсатында жасалған сөз тіркестері: *altun qurğa* (алтыннан жасалған белбеу) /*алтун құрға* / (99) – алтын белбеу.

2. Бір затты екінші затқа арнау мағынасында жұмсалатын есімді тіркестер. Мысалы: *adina mesjid* /*адина месжид* / (96) – жұма мешіті.

3. Даралау мағынасында жұмсалады: *aıǵır at* /*айғыр ат* / (97) – айғыр ат.

Қабыса байланысатын сөз тіркестері сын есімдерден жасалады. Сын есімдер – заттың сынын, сапасын білдіретін сөздер. Олар зат есімдермен тіркесіп, есімді сөз тіркестерін жасайды. Сөз тіркестерін құрауда бағыныңқы сыңар болады. Мұндай синтаксистік тіркестің құрамы әр алуан болып, анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестері заттың түсін, көлемін, дәмін мөлшерін және жеке қасиеттерін білдіреді.

Ескерткіш тілінде және қазіргі қазақ тіліндегі сын есімді тіркестердің айырмашылығы жоқ деуге болады. Кез келген сын есім мен есім сөз тіркесе бермейді, мағыналық жағынан үйлескен сөздер тіркесе алады. Мысалы, *qısqan burunluq* /*қысқан бурунлуқ* / (103) – қысқа мұрын деген тіркесті жақсы мұрын деп алмастыруға келмейді.

Заттың түсін білдіретін сын есімдерді кез келген сондай түсі бар сөздермен еркін тіркестіре беруге болады. Мысалы, *aq boz at* /*ақ боз ат* / (130) – ақ боз ат, *aq bulut* /*ақ булут* / (130) – ақ бұлт, *aq qurut* /*ақ қурут* / (130) – ақ құрт, *aq üzüm* /*ақ үзүм* / (130) – ақ жүзім, *aq tiken* /*ақ тікен* / (130) – ақ итмұрын, *aq etmek* /*ақ етмек* / (130) – ақ нан, *aq qaçır* /*ақ қачыр* / (130) – ақ қашыр, *aq singir* /*ақ сіңір* / (130) – ақ сіңір.

Сапалық сын есімдермен еркін тіркес орнағанда, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары түбір қалпын өзгертпейді де, басыңқы сыңары түрлі тұлғалы сөздермен айтыла береді. Мәселен, *aııq dostluq* /*арық достлуқ* / (105) – таза достық, *aııq tam* /*арық там* / (105) – таза үй, *aııq çayır* /*арық чайыр* / (105) – таза шарап.

Қатыстық сын есімдер зат есімдермен тіркесіп, еркін сөз тіркестерін құрайды. Ескерткіш тілінде мұндай мысалдар жиі кездеседі [6, 13]. Мысалы, *destesiz küze* /*дестесиз күзе* / (112) – тұтқасыз құмыра, *barxurdar er* /*бархурдар ер* / – бақытты ер, *mezesiz neme* /*мезесиз неме* / (101) – дәмсіз бірдеңе, *yüklük xatun* /*йүклүк хатун* (95) – жүкті әйел т.б.

Кейбір сын есімді тіркестердің қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда мағыналық жағынан алшақтығы барына көз жеткіздік. Мысалы, *boıaz tewe* /*боғаз теве* / (120) – буаз түйе тіркесі қазіргі тілімізде тек малға қатысты ғана қолданылғанын байқаймыз. Ал, ескерткіш тілінде *boıaz xatun* /*боғаз хатун* / (120) – жүкті әйел деп те кездеседі. Қазіргі тілімізде «буаз әйел» тіркесінің мағыналық жағынан тарылғанына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар, *yüklük xatun* /*йүклүк хатун* / (95) – жүкті әйел тіркесі де ескерткіш тілінде жарыса қолданылады.

Сан есімдер заттың санын анықтап, зат есімнің жетегінде жұмсалып, өзінің басыңқылық дербестігі жоқ сөздер. Олар зат есімдермен тіркесу арқылы қабыса байланысады. Ескерткіш тіліндегі сан есімдер қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы алшақ емес. Ескерткіш тілінде сан есімдер барлық зат есімдермен тіркесе бермейді. Олар санауға болатын заттардың атын білдіретін зат есімдермен тіркеседі. Керісінше, санауға болмайтын зат есімдермен тіркеспейді. Ескерткіш тілінде мынадай ұғымдармен сан есімнің тіркеспейтінін байқадық.

а) құбылыс, процеске қатысты сөздерге сан есімдер тіркеспейді. Оларға: гүрсіл, тарсыл, мінез, қытық т.б.

ә) адамның жас кезеңдері мен сезімдік қасиеттеріне байланысты сөздер сан есіммен тіркеспеген. Мысалы, жалқаулық, сұлулық, балалық т.б.

Ескерткіш тілінде сан есіммен тіркескен сөздерге көптік жалғау жалғанбайды, басыңқы сыңарда тұрған сан заттың санын білдіріп тұрады. Мысалы, *eki qulaıı* /*екі қулағы* / (96) – екі қулағы, *bir aıaqı* /*бір аяқы* / (137) – бір аяғы, *eki erkek* /*екі еркек* / (142) – екі ер.

Сондай-ақ, реттік сан есімдер зат есімдермен жүйелі тіркес жасай алады. Олар зат есімдермен тіркесіп, заттың сан ретін білдіреді. Мысалы, *yetinçi elge* /*жетінші елге* / (142) – жетінші елге.

Сан есімдермен тіркескен зат есімдер көптік ұғымды білдіргенмен, басыңқы сыңарындағы зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы, *eki qulaıı* /*екі қулағы* / (96) – екі қулағы.

Зат есімдермен қабыса байланысатын есімді тіркестердің бірі – есімше болып табылады. Есімшелер зат есімдермен тіркесу арқылы анықтауыштық қатынас орнатады. Мысалы, *qorqqan xatun* /қорққан хатун/ (96) – қорыққан әйелү Келер шақтық есімше зат есіммен тіркескенде болашақта болатын істі білдіреді. Мысалы, *turur yer* /туруп иер/ (96) – тұратын жер. Есімді тіркестердің құрамында жиі кездесетін есімшенің жұрнағы - ған/ -ген. Бұл жұрнақтарға қарағанда -атын,- ар тұлғалы есімшелер сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарында аз кездеседі. *inegen qoi* /інеген қой/ (134) – таңбаланған қой, *çökeür yer* /чөкерүр йер/ (136) – тізерлейтін жер, *yeşilğan saç* /йешілған сач/ (98) – жайылған шаш, *yeşilmiş baq* /иешілmiş бак/ (98) – жайқалған бак, *açılmağan yuze* /ачилмған йузе/ (99) – ашылмаған мақта, *tinğan xatun* /тынған хатун/ (102) – демалған әйел, *tizgen neme* /тізген неме/ (140) – тізілген зат, *añıtqan altun kümüş* /арытқан алтун кумуш/ (105) – тазартылған алтын мен күміс, *tuğan yerde* /турған йерде/ (115) – тұрған жерде.

Есімдіктердің ішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болып жиі келетіні – жалпылау, өздік және сілтеу есімдіктері. Олар зат есімдермен тіркесіп, анықтауыштық қатынас құрады. Мысалы, *ol neme* /ол неме/ (114) – сол зат, *ol xatunı* /ол хатуны/ (125) – сол әйел, *ol neme* /ол неме/ (138) – сол зат, *barça neme* /барча неме / (127) – барлық зат т.б.

Сілтеу есімдіктері заттың айтушыға алыс не жақындығын, бағдарын анықтап тұрады. Ескерткіш тілінде «ол» сілтеу есімдігінің жиі қолданылатынын байқаймыз. Мәселен, *ol nemeñi* /ол немені / (140) – сол затты.

Жалпылау есімдіктері ескерткіш тілінде бағыныңқы сыңарында тұрып, заттың жинақталған сипатын білдіріп тұрады. Мәселен, *barça xatun* /барча хатун / (112) – барлық әйел, *barça erenler* /барча еренлер/ (125) – барлық ерлер, *b. çayır* /барча чағыр / (127) – барлық шарап т.б.

Үстеулер заттың қимылдық сапасын анықтайтын сөздер тобы болып табылады. Осы себепті етістіктерге қатысты болып, етістікті сөз тіркестерінің құрамында жиі кездеседі. Есім сөздермен тіркесуі сирек кездеседі. Мысалы, *alın erini* /алын еріні / (143) – төменгі ерні. Бірақ бұлар мағыналық байланыстың берік үйлесуі негізінде жасалады.

Мезгіл үстеулер қимылдың мезгілін білдіргендіктен, есімдерден қашықта тұрып, жанаса байланысады. Сондықтан ескерткіш тілінде үстеулі есімді тіркесті кездестіре бермейміз.

Нәтижелер. Жалпы түркітанушылық әдебиеттерде сөз тіркесі дегенді бөліп қарамай, «анықтауыштық есімдер тобы» дегенге ерекше тоқталады [8, 85]. Расында, сын есім мен сан есім, зат есім мен зат есім, сын есім мен сан есімдердің зат есімдермен жалғау жалғанбай-ақ қатар тұру арқылы байланысқа түсіп, анықтауыштық қатынаста жұмсалуды түркі тілдерінің айрықша өзгешелігі деп айтуға болады. Бұлар түркітанушы ғалымдарды қызықтырмай қоймайды [9, 56]. Сөз тіркесі сөйлем мүшелерінің тіркесі емес, сөз таптарының тіркесі. Есім сөз таптарының тіркесі ерте ғасырлардан қалыптасқан жүйе екендігіне тағы да көз жеткізіп отырмыз. Ескерткіш тіліндегі қабысуға келтірілген мысалдар соның дәлелі болмақ.

Әрбір сөз тіркесі мен сөйлемнен сол дәуірдің тілдік жүйесін тани түсеміз. «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің тіркесу қабілеті нақты, мағыналық байланысы берік. Жасалу жолдары мен мағыналық ерекшелігі қазіргі тілімізге өте жақын [10, 183].

Сонымен, мақаламызда Замахшаридің өмірі мен шығармашылығы қарастырылды. Сөз тіркесінің зерттелуі қамтылды. Сөз тіркесі болудың шарттары нақтыланды. Ескерткіш тіліндегі қабыса байланысқа есімді сөз тіркестерінің жасалу ерекшеліктері, қолданысы анықталды. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері бола алатын сөз таптары талқыланды. Қазіргі қазақ тілімен салыстырылды. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің жалпы сипаты қарастырылып, нақты ерекшеліктері анықталды. Ескерткішті тілдік зерттеу барысында ортағасырдың тілдік ерекшелігі, синтаксистік сипаты анықтала түсті. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің маңызы, қолданылу аясы ажыратылды. Олардың жасалу ерекшеліктері анықталды [11, 87].

Қорытынды. Қорытындылай келе, сөз тіркесі – сөз бен сөйлемнің арақатынасынан шығатын басты синтаксистік бірлік. Сөйлемнің құрамына еніп, ой, пікір тұтастығын құрастыруға қатысады. Сөз тіркестері сөйлемге материалдық негіз болады. Сөйлем арқылы мән жайды, оқиғаны тұтас тани аламыз. Мақаламызда қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерін анықтау барысында, нақтылықтарға көз жеткізе алдық. Ескерткіш тіліндегі сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілімен байланысы, олардың ерекшелігі, жасалу жолдары анықталды. Сондай-ақ тіркескен сөз таптары да әртүрлі ыңғайда қарастырылды [8]. Сөз тіркестердің мағыналық үйлесімділігіне қарай тілдің синтаксистік ерекшелігі қарастырылды. Сөз тіркестерінің тіркесе алу қабілеттілігіне орай мысалдар нақтыланды. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің грамматикалық қасиеттері талданды. Осындай синтаксистік қатынастар тек толық мағыналы екі сөздің тіркесу нәтижесінде қалыптасады.

Ескерткіш тілінде сөздер сөз тіркестерінің құрамына ену арқылы сөйлем құраудың материалы болып тұр. Сонымен, сөздер объективті шындықтың жеке мағынасын білдірсе, сөз тіркесі олардың грамматикалық қатынасын, мағыналық тобын білдіреді.

Әдебиеттер

1. Agius D.A. Zamakhsharī. Somebio-bibliographical notes on Abū'l-Qāsim Maḥmūd b'Umar al-Zamakhsharī//Al'Arabiyya, – 15 (2012). – 108 p.
2. Фролов Д.В. Введение Замахшари к его комментарию к Корану «ал-Кашшаф» //Minbar. Islamic Studies,. 2020. – 13 (2). – 365-377 с.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы: оқулық. 2-бас. – Алматы: Санат, 2009. – 265 б.
4. Әмір Р. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 2010. – 147 б.
5. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Санат, 2009. – 47 б.
- Ағабекова Ж.А., Жалмаханов Ш.Ш. Аз-Замахшаридің «Муқаддимат ал-адаб» сөздігіндегі сөз тіркестерінің қазақ тіліндегі қолданысы //Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. –№1/2023. –7-20б. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.01>
- Боровков А. Лексика среднеазиатского тefsира XII-XIII веков. – М.: Издательство восточной литературы, 2009. – 368 с.
- Ахинжанов С.А. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы, 2002. – 203 б.
6. Гаджиева Н.З., Серебренников Б. А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис. – М.: Страна, 2011 г. – 56 с.
7. Қордабаев Т. Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. – Алматы: Мектеп, 2008, – 183 б.
8. Amirova G.O., Boranbaev S.R., Adilbekova Zh.K., Urazbaev K.M, Zholdasbek L.O. «The Lexical and Semantic Analysis of Zamakhshari's Dictionary "Muqaddimat Al Adab" and its Relation to the Kazakh Language» //International Journal of Society, Culture & Language. – No1, Volume 12, 2024. 83-90 p. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.2011077.3159>

Г.О. АМИРОВА, С. Р. БОРАНБАЕВ

Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова Шымкент, Казахстан

ЯЗЫКОВАЯ СПЕЦИФИКА ПРОИЗВЕДЕНИЯ АЗ-ЗАМАХШАРИ «МУКАДДИМАТ АЛЬ-АДАБ»

Аннотация. Словарь Замахшари «Мукаддимат аль-Адаб» одного из выдающихся ученых средневековья, считается ценным достоянием. Поставлена цель комплексного лингвистического изучения словаря, за основу взят синтаксический анализ. В этой статье рассматриваются

связанные с согласований фразы, найденные в работе Аз-Замахшари «Мукаддимат аль-Адаб». Определяется состав словосочетаний в языке памятника, их специфика. Рассматриваются свойства, специфика создания словосочетаний, связанных друг с другом, образованных из части речи. Выделены условия связанных словосочетаний. Их сравнивают с современным казахским языком. Определяются семантические и структурные особенности. Определены способы образования именного словосочетания, значение классов именных слов. В ходе исследования рассматриваются синтаксические закономерности, встречающиеся в современном казахском языке в целом. Сравнивается с современными тюркскими языками. Анализируются различия в языке памятника. Выявлены основные особенности словосочетаний с именными, конкретизированы сферы применения в Средние века. Определены способы создания, возможности применения. Был озвучен ряд сведений по фразеологизму языка памятника. Обсуждались пути аналитического составления фраз.

Практическая ценность исследования заключается в том, что соискатели и преподаватели вуза гуманитарного направления могут использовать его в разделе синтаксиса тюркологии.

Научная значимость исследовательской работы может внести свой вклад в развитие области лексикографии тюркологической науки.

Выводы, полученные в результате исследовательской работы, приобретают практическое значение при изучении синтаксиса тюркологии.

Ключевые слова: Замахшари, Мукаддимат аль Адаб, синтаксис, словосочетание, именная фраза, части речи, язык, словарь.

G.O. AMIROVA, S. R. BORANBAYEV

M. Auezov South Kazakhstan University Shymkent, Kazakhstan

LANGUAGE FEATURE OF AZ-ZAMAKHSHARI'S WORK «MUQADDIMAT AL-ADAB»

Annotation. In this article, the vocabulary of az-Zamakhshari's work «Mukaddimat Al-Adab» was studied, the way of life, relations, socio-economic development, culture of the nomadic people, which is a reflection of that period. Not only the vocabulary, but also the grammatical feature of the language were discussed. Words related to life, nature, economy, public affairs, etc. were grouped. The connection of these words with the Kazakh language has been established. The vocabulary of «Muqaddimat Al-Adab» is made up of generalized lexemes. It was concluded that the main part of the Turkic materials in the dictionary consists of common words denoting the kinship of the Turkic languages, with the exception of borrowed words from the Arabic-Persian, Mongolian languages. Therefore, the specific importance of lexical analysis of dictionaries was considered. Through the study of the semantics of words in «Mukaddimat», it was possible to obtain comprehensive information on a large scale, from the etymology of our language. The dictionary materials were compared with the Kazakh language and other written sources. As a result, differences in the literal and figurative meaning of some words were revealed.

Through the linguistic study of the dictionary, the etymology of the Kazakh language has been supplemented.

Keywords: Zamakhshari, Mukaddimat al Adab, syntax, phrase, noun phrase, parts of speech, language, dictionary.

References

1. Agius D. A Zamakhshari. Somebio-bibliographical notes on Abū'l-Qāsim Maḥmūd b'Umar al-Zamakhshari // Al'Arabiyya. – 15 (2012). – 108 p.
2. Frolov D.V. Vvedenie Zamakhshari k ego kommentariy k Korany «al-Kashshaf» // Minbar. Islamic Studies. 2020. – 13 (2). – s.365-377ss.
3. Amanjolov S. Qazaq ádebi tili sintaksisiniń qysqasha kýrsy: oqýlyq. 2-bas. – Almaty: Sanat, 2009. – 265 b.

4. Ámir R. Sóz tirkesi men jaı sóılem sintaksısı. Almaty: Sanat, 2010 p. – 50 b.
5. Balaqaeв M., Qordabaev T. Qazirgi qazaq tiliniń gramatikasy.– Almaty: Sanat, 2009. –47 b.
Aǵabekova ZH.A., Jalmahanov Sh.Sh. Az-Zamahsharıdıń «Muqaddimat al-adab» sózdigindegi sóz tirkesteriniń qazaq tilindegi qoldanysy //Eýrazia gýmanitarlyq institúty habarshysy. – № 1/2023. – b. 7-20. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.01>
Borovkov A. Leksika sredneaziatskogo tefsira XII-XIII vekov. – M: Izdatelstvo vostochnoi literatýry, 2009. – 368 p.
Ahınjanov S.A. Kypchakı v istorii srednevekogo Kazahstana. – Almaty, 2002. – 203 p.
Gadjieva N.Z., Serebrennikov B.A. Sravnitelno–istoricheskaja gramatika túrskih jazikov. Sintaksis. M. Strana, 2011 g. – 56 p.
6. Qordabaev T., Tomanov M. Tarihi gramatika máseleleri. Almaty: Mektep, 2008, –183 p.
Amirova G.O., Boranbaev S.R., Adilbekova Zh.K., Urazbaev K.M, Zholdasbek L.O. «The Lexical and Semantic Analysis of Zamakshari's Dictionary «Muqaddimat Al Adab» and its Relation to the Kazakh Language» //Journal of Society, Culture & Language. – №1, Volume 12, 2024. 83–90p. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.2011077>. 3159

Авторлар туралы мәлімет:

Амирова Гаухар Оразбаевна – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанты, Шымкент, Қазақстан.

Амирова Гаухар Оразбаевна – докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

Gauhar Orazbayevna Amirova – Doctoral student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

Боранбаев Сандыбай Режепұлы – филология ғылымдарының докторы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, Шымкент, Қазақстан.

Боранбаев Сандыбай Реджепович – доктор филологических наук, доцент, Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

Boranbayev Sandybai Rejepovich – Doctor of Philological Sciences, M. Auezov South Kazakhstan, Shymkent, Kazakhstan.

М.Е. ӘДІЛОВ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

(e-mail: marlenadilov88@gmail.com)

***ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР АҚША АТАУЛАРЫНЫҢ ТҮП-ТӨРКІНІ МЕН
БАСТАПҚЫ МАҒЫНАСЫ**

Аңдатпа. Қазақ тілінде «ақша» мағынасын білдіретін немесе валюта атауы ретінде қолданылған көптеген сөздер болған. Сондай ақша атауларының ішінде алтын, күміс, ақша, теңге, тиын сөздері осы күнге дейін актив лексика қатарында белсенді сөздер ретінде қолданылып келеді. Бірақ алтын мен күміс сөздерінің валюталық мағынасы ұмытылып, тек бағалы металдың семантикасы сақталған. Теңге болса көнеден келе жатқан тарихи сөз 1993 жылы ұлттық валюта ретінде таңдалғаннан кейін тілдің белсенді айналымына қайта кірді. Пұл, сом, манат, бақыр, шақа, жармақ, жамбы, қойтұяқ, тайтұяқ, аққұйрық, күреш деген қаржы терминдері историзмге айналды. Соның ішінде бақыр және жамбы атаулары жаңа әрі туынды мағыналарға ие болды. Пұл, бақыр, сом атаулары бертін келе қолданыстан ығыса бастаса да, сом сөзін теңгенің орнына әлі де айтатындар кездеседі. Пұл болса айыппұл секілді жаңа терминдердің құрамында айтылып, тіл айналымына қайта кіре бастады. Ақша атауларының ішінде динар, ділдә, дирхам сияқты араб-парсы тілдерінен ауысқан кірме сөздер де қазақ даласында қолданылған. Олардың өзі ақша бірліктері ретінде қолданыстан шыққанмен, Динара, Ділдә, Манат кісі есімдерінде сақталған. Мақалада аталған ақша атауларының ішінде Абай мен Шәкәрім шығармаларында кездесетін әрі түркі тілдерінде пайдаланылатын теңге, тиын, ақша, сом, бақыр, пұл, шақа, ділдә терминдерінің қолданыс тарихы, қазіргі семантикалық сипаты мен шығу тегі көне немесе орта ғасыр түркі жазба мұралары және туыстас әрі туыс емес тілдердің деректері негізінде талданады.

Түйін сөздер: Абай, Шәкәрім, ақша атаулары, сом, бақыр, теңге, тиын, пұл, шақа.

Кіріспе. Қазақ даласында әр дәуірде ақша, шақа, бақыр, жармақ, теңге, динар, дирхам, пұл, жамбы, тайтұяқ, қойтұяқ, алтын, күміс тиын, ділдә, сом және т.б. әртүрлі ақша атаулары болғаны тарихтан аян. Тіпті, жамбы ату немесе теңге ілу сияқты ұлттық ойын атаулары осы ақша ұғымымен байланысты. Ақшаға байланысты сөздер мақал-мәтелдер де сақталған, мысалы: Теңге тиыннан, ынтымақ ұйымнан; Пісте қабығы шөнге болмайды, сары шақа теңге болмайды; Теңгелі жерде теңдік жоқ; Бармаған жерде бақыр бар; Білікті кісі – баға жетпес алтын, біліксіз кісі – бес тиын бақыр; Пұлыңа табылса тегіндей қуан; Мың ділдә: бардың қалтасында, жоқтың аузында; Қалтасында тиын жоқ түйенің тісін санайды, т.б. Қазақ мақалдары көненің көзі десек, ақша түрлерінің түгелі қазақ даласында ежелден шығарылып қолданылғанын білдіреді. Жоғарыда аталған ақша атаулары тарихтың әртүрлі кезеңдерінде түрліше аталып келді. Ежелгі түркі дәуірінде ағы, ақша, алтын, күміс, бақыр, жармақ сияқты металл ақшалар қолданылған. Орта ғасырларда теңге, динар, дирхам, пұл деген бірліктер шығып, кейінгі кезеңдерде де тиын, жамбы, тайтұяқ, қойтұяқ, алтын, күміс тиын, ділдә, сом және теңге жұмсала бастады.

Көне түркілер йастуқ, сатыр, бақыр, йармақ, т.б. секілді төл атау монета ақшалардан бөлек төлем құралы ретінде жануарлардың бағалы терілері, қымбат маталар бөз, жібекті

**Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР13268734: «Абай және Шәкәрім тіліндегі көнерген сөздердің семантикасы және түп-негізі» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

пайдаланған. Ал көне ұйғырлар ақша орнына жұмсалған матаны қуанпо деген, ал қағаз ақшаны чау [1, 154], – деп атағандары тарихтан белгілі. Қуанпо жібек ақшасы Диуани лұғатит түрkte камду түрінде кездеседі, Махмұт Қашқари «мата бөлігі» деген анықтама беріп, «оған ұйғыр ханының мөрі басылады да саудада қолданылады» деп жазады [2, 181]. Қағаз ақша чау қытайша (ch'ao) дегеннен келген және тек көне ұйғыр жазбаларында кездеседі [3, 73].

Түркі далаларының кен мен металдарға бай болуы, олардың ежелден осы кәсіпті меңгергенін, ақшаны о баста алтыннан бастап мысқа дейінгі металдан, тіпті теріден, матадан да жасағаны өте ерте дәуірден бастау алғаны тарихтан белгілі. Ежелгі түркі қалаларында ақша шығару ісі қолға алынып, сауда қарқынды жүрді. Ұлы Жібек жолының өзі Қазақстан мен Орта Азиядан өтуі соның айқын дәлелі болса керек. Тараз, Алмалық, Яссы, Отырар, Сауран, Сығанақ, Сарайшық, т.б. қалалары сауда орталықтары ретінде дамыды. Тіпті Астана тұсындағы Бозоқ қаласының солтүстік сауда жолының бір торабы болғандығы айтылады. Қаржы, экономика, сауда, салыққа байланысты көнерген сөздердің көп болуы соның бір айғағы бола алады. Төменде қаржы атауларының ішінде ақшаға байланысты сөздер талданады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада Абай және Шәкәрім шығармаларында кездескен жекелеген ақша атауларының түп-төркіні, бастапқы мағынасы көне түркі ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері және туыс емес тілдер материалдары негізінде талданды. Лингвистикалық анализдерде негізінен салыстырмалы, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Жекелеген атаулардың түбірі мен мағынасы ажыратылғанда морфемдік әрі семантикалық талдауға жүгінілді. Араб, парсы тілдерінің түсіндірме сөздіктерімен бірге қазіргі түркі тілдерінің жеке сөздіктері қарастырылды. Тақырып этимологияға байланысты болғандықтан, орыс, қазақ және түрік тіліндегі этимологиялық әдебиеттер басшылыққа алынды. Ақын өлеңдерінен сөздер жеке-жеке теріліп оларға фонетикалық, морфологиялық талдаулар жасалды. Ғалымдардың қаржы атаулары және ақшаның тарихына байланысты ғылыми тұжырымдары жүйелеу, топтау, талдау, сипаттау әдістері арқылы көрсетілді.

Қазақ даласы көне тиындар мен ақшаларға бай болғанмен нумизматика саласы кең таралмаған, десек те тарих, археология жағынан белгілі бір зерттеулер бар болғанмен нумизматиканың лингвистикалық жағынан дамуы кенжелеп қалған. Қазақ тіл білімі кітаптарында сауда-саттыққа байланысты сөздер деп жіктелгені болмаса, түркі қаржы-экономика лексикасы, сауда-саттыққа байланысты атаулардың тарихы, қазақ тіліндегі қаржы сөздерінің этимологиясы, әсіресе ақша атауларының төркіні деген тақырып ауқымды зерттелмеген. Қазақ тіліндегі сөз төркінін зерттеген Р. Сыздық, Ә. Қайдар, І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, Ә. Нұрмағамбетов, Ш. Сарыбаев, Ә. Құрысжанов, А. Махмудов, А. Абрахманов, Е. Жанпейісов, Б. Сүлейменова, Г. Жәркешова, Н. Қарашева, т.б. еңбектерінде талданған 2000-ға жуық сөздердің ішінде кейбір қаржы атауларының шығу тегі берілген. Тікелей ақша атауларына қатыстыға келсек, М. Әділовтің «Қазақ тіліндегі тиын сөзінің төркіні» атты мақаласында әлем тілдеріндегі ұқсас құбылыстардың негізінде тиын мен тиін атауларының түбі бір екендігі түсіндірілді [4, 89]. Көне түркі ескерткіштерінің тілін зерттеуші Е. Ауып бір мақаласында Білге қаған ескерткішінде қолданылған көк тиін (тиын) тіркесінің тілдік тарихын талдаған. Ұ. Алжанбаеваның «Славян тілдеріндегі түркізмдердің зерттелу тарихы» деген мақалада теңге мен денгидің байланысы және көне русьте қолданылған алтынник қолданысы талданған. Жалпы орыс тіліндегі кірме сөздерге байланысты талдауларда алтын сөзіне жиі тоқталады. Оның түбі алтын ақша мағынасында емес алты тиын деген сөздер қысқарғанын И. Спасский «Алтын в русской денежной системе және В. Янин «Алтын и его место в русских денежных системах XIV-XV вв» атты зерттеулерінде дәлелдейді. Ресейдегі зерттеулерде тек ақша атауларына ғана емес қаржы-экономика тақырыбына жанама қатысты мақалалар да жеке жазылған, мысалы, А. Самойловичтің «Богатый и бедный в тюркских языках» атты зерттеу жазбасында түркі тілдеріндегі шығай, жарлы, бай, кедей секілді сөздері салыстырмалы-тарихи әдіспен

талданған. Бұдан бөлек, жалпы нумизматикаға қатысты тарихи зерттеулерде де түркі валюталарының шығу тарихи баяндалады. Сондай еңбектердің ішінде А. Мухамадиевтің «Булгаро-татарская монетная система в XII-XV вв.», В. Потиннің «Монеты. Клады. Коллекции: Очерки нумизматики» И. Спасскийдің «Русская монетная система: Историко-нумизматический очерк» кітаптары құнды.

Көне түркі қағанаттарындағы тиын ақшалардың тарихын ең алғаш 1890 жылдарда нумизмат Эдмонд Дюруэеннің «Тұран монеталары» атты жұмысынан басталады деп айтылады. Э. Дюруэн мен Отто Доннер Енисей маңайларынан табылған және Минусинск мұражайында сақталған Қытай монетасы туралы зерттеулерін жалғастырады, тиынның алдыңғы жағында қытайша жазылса, ал артқы жағында руникалық әріптермен жазылған мәтін бар. Руникалық жазбалар сол кезеңде әлі де құпия болғандықтан, ондағы жазу оқылмай қала береді. Монеталардың артындағы руна жазуын ең алғаш рет В. Радлов оқып шықты. Содан кейін Ряснен, сосын Шербактар оқыған [3, 9].

Түркиядағы докторантура түлегі ретінде сол елдегі қаржы сөздерің тіліне қатысты зерттелген ғылыми жұмыстар туралы ерекшелік айтуға болады. Түркиялық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде қаржы-экономикамен байланысты сөздер түркологиялық бағытта талданады. 1934 жылдағы А. Жафороғлудың «Uygurlarda Hukuk ve Maliye Istilahları (Көне ұйғырларда құқық және қаржы терминдері)» мақаласынан бастап осы күнге дейін түркі халықтары мен көне түркі жазба мұраларында кездесетін қаржы атаулары жеке зерттеледі. Бертін келе 2016 жылы Г. Гүнер «Eski Türkler çek yazar mıydı?» мақаласында сауда-саттық байланысты сөздердің тарихымен бірге түркілердегі саудада «есепшот» беру дәстүрін талдайды. Түрік зерттеулерінде көбіне жазба ескерткіштердегі лексикалық қорларды тақырыптарына бөліп, диссертация немесе мақалалар жазу жолға қойылған. Сондай жұмыстардың бірі «Kutadgu Bilig'in Türk maliye tarihi açısından önemi» деп аталады. Автор Р. Темел Құтты біліктегі қаржы терминдерін талдай отырып, ескерткіштің түркі қаржы тарихы жағынан маңыздылығына тоқталады. Бірнеше автор жазған «Kutadgu Bilig'de ticari hayat ile ilgili beyitler ve güncel yorumu» мақаласында Құтты біліктегі саудамен байланысты бәйіттердің қазіргі заман тұрғыдан сипатталуы көрсетілген. Сондай еңбектің бірі Ш. Калафаттың «Kutadgu Bilig'de geçen bazı hesap terimleri» атты жұмыста ескерткіштегі есеп және қаржымен байланысты терминдер анықталған.

Мақалалардан бөлек, кітаптар да жарық көрген. О. Серткая мен Р. Алимовтың 2006 жылы баспа бетін көрген «Eski Türklerde Para» атты монографияда көне түркі ескерткіштеріндегі ақша атаулары жеке тақырып болып зерттелген. М. Өзйеттин 2004 жылы «Eski Türk Vergi Terimleri» деген кітапты шығарады, мұнда көне және ортағасыр түркі жазба ескерткіштерінде, әсіресе қыпшақ мұраларында кездесетін салық терминдерінің қолданысы берілген. Г. Кырды «Eski Türkçe kaynaklarda geçen iktisadi kelime ve kavramlar» атты магистрлік диссертациясында 200-ге жуық түркі экономикалық өміріне қатысты сөздер мен ұғымдарды ескерткіштерден тауып, сөйлем немесе өлеңдегі мысалымен бірге көрсеткен.

Ақша атауларына қатысты жекелеген мақалалар жазылған, М. Өзйеттиннің «Eski Türklerde Ödeme Araçları: Kâğıt Para Çav'ın Kullanımı (Көне түркілерде төлем құралдары: қағаз ақша чав-дың қолданысы)» атты мақаласы соның дәлелі бола алады. Х. Шириннің 2004 жылғы «Türkçede Para ve Para Birimi» деп аталатын мақаласында көне түркі және ортағасыр жазба мұраларында қолданылған ақша атауларының этимологиясы берілген.

Көрші түркі халықтары ғалымдарының ішінде өзбек ғалымы Г. Бабаяровтың көне түркі монеталарының тарихына байланысты кітаптары құнды. Ғалым еңбектерінде көне түркі тиындарындағы жазулар мен суреттердің мән-мағынасын ашып, олардың жазылу тарихы мен жазудың түркілерге тән екенін дәлелдейді [5, 8].

Талқылау мен бақылау. Қазіргі күні жеке атау ретінде қолданыстан шыға бастаған пұл сөзін Абай жиі қолданған. Ескі әдебиеттерде жиі кездесетін қаржы терминдерінің бірі болған пұл сөзінің негізгі мағынасы – «ақша». Сөздің өзі Аймақтық сөздікте диалектизм ретінде көрсетілсе де тілімізде ақы-пұлсыз «тегін», ақы-пұл «ақша», мал-пұл «дүние»,

дүние-пұл «қаражат» қос сөздерінде үлеспұл, өтемпұл, өсімпұл, жарнапұл секілді экономикалық жаңа терминдердің құрамында айтылады. Күнделікті өмірде жиі айтылатын айыппұл, шай-пұл, жөргекпұл жаңа атауларының құрамында да қолданылады.

Пұл сөзі тарихи дәуірлерден Алтынорда мемлекетінде ең төменгі ақша құны яғни тиын валютасы ретінде қолданылған. Ал жеке сөз ретінде ерте орта ғасырлардан бері түркі жазба мұраларында кездеседі, мәселен, Қарахан дәуірі жазба жәдігерлері Атебетұл хақайық пен Диуани хикметте пұл «ақша» дегенді білдірген. Мәмлүк қыпшақ жазба мұраларында бұл/пұл деген екі нұсқасында және «ұсақ тиын ақша» деген мағынада жұмсалған.

Қазақ тілінде де сондай ұсақ мыс ақша «бақыр, жармақ, шақа» мағыналарында және жалпы ақша семантикасында жұмсалған. Оны Арзанның пұлы татымайды; Пұлыңа табылса тегіндей қуан; Ер белгісі – құнында, зер белгісі – пұлында; Жорға жүрісінен пұл болады, Жаман жүрісінен құл болады, Атадан пұл қалғанша, ұл қалсын мақалдарынан да аңғарамыз.

Пұл сөзі (кейде бұл нұсқасында) Абайда да жиі кездеседі:

Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан /Тәтті, дәмді іздер ең онан да арман.

Өз бұлыңмен халің жоқ күнде тояр /Құлдық ұрып асайсың асы бардан.

Пұл үшін қызықпассың, сен де бір ер /Сені маған кез қылған пәруардигер [6, 317].

«Осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп, қазақтың бетінен оқып, ізденген талап болмаса, кітаптың бетінен оқып іздеген талап емес» (44-қара сөз).

Тіпті Медғат Қасым поэмасында құн-пұл қос сөз болып жұмсалған:

Ақырып Медғат жиды ол бар құлын /Асыпты әлін білмей, деді зұлым.

Насосқа Қасым итті отыртыңдар /Бергенмін, деп сөйлейді құнын-пұлын.

Абай тіпті осы атауға етістік тудырушы жұрнақ қосып, бұлдау «сату», – деген туынды етістікті пайдаланады:

Алдадым, ұрдым, қырдым деп /Шалықтап, шалқып, шатпай ма?

Қапысын аңдып тұрдым деп /Құлығын бұлдап сатпай ма? [6, 210].

Пайдасыз ғылымменен ми кептірер / Дос-жарға мақтан етіп, бұлдап көрер.

Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам «ілімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады... Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатын, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі (6-қара сөз).

Шәкәрімнің өлеңдерінде де пұл сөзінің «ақша» мағынасы аңғарылады:

Әлемнің қызығын, тойын/ Бағын, тағын, пұлын, қойын /Талақ болсын көзіме ілсем.

Оған тағы құл болдық /Сатылған мал мен пұл болдық [7].

Абай мен Шәкәрімде бұл/пұл мата түрі ретінде де қолданылады:

Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер /Диханшылар жер жыртып, егін егер.

Бұл құрап, киім түзеп, қарны тойған / Қағазға өрнек жасап, сурет ойған [6, 322].

Матайдан ел жиылып құн сұраған /Жасау мен қыздан қалған пұл сұраған.

Пұл асылы табылса, колға алалық /Кісі емес ескерусіз бос қаларлық .

Киімі қымбат екен деп / Ешкім сенен ықты ма?

Пұлды киім борыш боп /Алқымыңнан сықты ма? [7].

Енді пұлдың «ақша» мағынасы матадан келді ме, әлде мата атауы ақша мағынасынан ауысты ма деген сұраққа келсек, бізше тиын деген мағынасынан барып ауысқан секілді, өйткені ол сөздің ең көне мағынасы «тиын ақша» екендігі айтылады. Сонымен бірге түркі тілдері мен ескерткіштерінде оның мата деген мағынасы кездеспейді. Диалектолог ғалым Ж. Досқараев Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарында бұл сөзі «мата, кездеме» мәнінде айтылатынын жазған [8, 101]. Соған қарағанда оның мата түрі мағынасы бүкіл әдеби тілге емес, говорға тән ерекшелік болса керек, сол форманы ақындар өздерінің өңірлеріндегі қолданысына қарап пайдаланған секілді.

Қазақ тілінде ерте дәуірлерден қолданыла келіп, бүгінгі күні белсенді емес сөзге айналған, бірақ жаңа терминдерге ретінде қайта қолданысқа кіре бастаған пұл сөзі түркі тілдерінде де кең таралған сөздердің бірі. Әсіресе өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз, әзербайжан, түрікмен тілдерінде біздегі «ақша» сөзі сияқты актив сөз болып қолданылады.

Ділде терминдік атауы да бұрынғы «алтын ақша» мағынасындағы сөзден шыққан. Негізі ділдә бұрын парсы тілінде ресми валюта (бес күміске тең алтын жалатылған тиын) болған. Қазақ қызының Ділде есімі де осы иран тіліндегі «алтын ақша, алтын» мағынасынан шыққан. Қыз есімінен бөлек Ділдәбек, Ділдәбай, Қабділдә, Ділдәхан, Әбділдә тәрізді кісі есімдерінің құрамында кездеседі. Оңдасынов Ділде есімін парсы тіліндегі тила «алтын» сөзімен байланыстырған [9, 328]. Бірақ бұл сөздің алғашқы мағынасы араб тілінде **الط** тилаа «күмісті жалатуға арналған сұйық алтын» болған. Өзбек тілінде де тилла сөзі бастапқы мағынасына жақын, мысалы: тилла тиш «алтын жалатылған тіс»; тилла суви «алтын бояу». Түркі тілдерінің біразында «алтын жалатылған күміс тиын» деген мағынада қолданылып, кейін келе «алтын ақша» немесе «алтын» деген мағынаға ауысқан.

Ділде атауы қазақ тілінде төбесінен ділдә құйды «үлде мен бүлдеге орап, баптап күтті» деген тұрақты тіркес күйінде де айтылады. «Көп ақша» мағынасында мың ділда немесе мың ділдалық деген тіркес түрінде де қолданылады.

Ділде сөзінің қазақ тілінде ертерек кезеңдерден бері қолданылып жүргенін Абай мен Шәкәрім өлеңдерінде кездесетінінен аңғарамыз:

Сен мына бір ішінде /Ділдәсі бар дорбаны ал!

Бірін алсаң, және бір /Ділде дайын, қолың сал [6, 393].

Ел жалынды ата мен анасына / «Көп мал ал» деп баланың бағасына».

Жүз мың ділдә алды да, кедей сатты / «Шыдадым» деп баланың қазасына».

Үш мың үш жүз ділдаға кетті сатып /Шешесіне ап келді таңырқатып [7].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **бақыр** сөзіне «мыс; мыстан жасалған ұсақ тиын; мыстан жасалған шелек; тамақ дайындауға арналған, түбі шұңғылдау, қысқа сапты ыдыс» деген анықтама берілген. Аймақтық сөздікте болса ол сөз жергілікті ерекшелік деп тіркеліп, әр өңірден бес түрлі мағынасын келтірген: Бақыр 1. «шелек»; 2. «қаңылтыр»; 3. «бақыраш, үлкен ожау»; 4. «үлкен қазан»; 5. «ұсақ тиын». Негізі бақырдың алғашқы әрі кең таралған мағынасы «мыс тиын» екендігі белгілі. Бақыр сөзінің «тиын, бақыр ақша» мағынасында көне замандардан бері қолданылып келе жатқан төл сөз екенін қазақ мақал-мәтелдерінен де аңғарамыз: Бармаған жерде бақыр бар. Білікті кісі – баға жетпес алтын, біліксіз кісі – бес тиын бақыр. Пәлен жерде алтын бар /Іздеп барсаң бақыр да жоқ. Ақыл болса, бақыр табылар [10, 82].

Абайдың Әзім әңгімесі шығармасында бақыр сөзі «мыс тиын» мағынасында кездеседі:

Апар да мыс бақырды алдына сал /Алтын болса, болады бірталай мал.

Жалғызым, не қылсаң да сақ болып жүр /Жәдігөй боп жүрмесін антұрған шал... Мыс бақырын қолына алды-дағы /Лапкеге күндегіден ерте барды (Әзім әңгімесі).

Көне түркі жазба мұралары деректеріне жүгінер болсақ, оның Абайдағыдай о баста «бақыр ақша, мыс тиын» мәнінде ғана жұмсалғанын көреміз: Көне ұйғыр жазулы мұраларында бақыр «мыс ақша, тиын; ақша орнына қолданылған металл». Қарахан дәуірінің ең құнды жәдігері Диуани лұғатит түрkte бақыр «Қытайда қолданылатын ақша; тиын түрі» деп берілген. Төмендегі мақалда айтылатыны жазылған: Бар бақыр, йоқ алтун «Бар тиын жоқ алтыннан жақсы» [2, 571]. Орта ғасырдан бастап оның «мыс» мағынасында жұмсала бастағанын көруге болады, мәселен тарихи қыпшақ мұраларында бақыр сөзі «мыс» [11, 91] дегенді білдіреді.

Қазіргі түркі тілдеріне келсек, көбіне «мыс, жез (немесе осы металдан жасалған шелек, ожау)» мәнінде айтылады. Негізінен, қыпшақ, қарлұқ, оғыз тілдерінде жұмсалады, көне мыс тиын мағынасының өзгергені де аңғарылады.

Рясянен бақырды парсы тіліндегі баһыр сөзімен байланысты көреді, яғни оны кірме сөздердің қатарына жатқызады. Ал Рамстедт қалмақ тіліндегі бәкир «кішкене қазан» сөзін тюркизм деп атап көрсетіп, оның моңғол тілдерінде қолданылуынан оның иранизм екеніне күмәнмен қараған. Севортян бастаған ғалымдар дайындаған Этимологиялық сөздікте бақыр сөзінің бақ-/бағ- етістігіне «-ыр» жұрнағының жалғануы арқылы жасалғаны алға тартылады, дәлел ретінде қарашай-малқар тіліндегі бақ- «кең байыту, балқыту» етістігі

көрсетілген. Бақыр сөзі Шығыс Еуропадағы тілдерге де түркі тілдерінен өткені байқалады, мысалы: болгар т. бакер «мыс», бакрач «бақыраш»; серб т. бакар «мыс», бакра «бақыраш», албан т. бакер «мыс», паграч «бақыраш» тілдеріне де кіргені анықталды [12, 46].

Сом атауы «жүз тиынға тең ақша, рубль сөзінің қазақша баламасы» ретінде қолданылып, қазіргі кезде қолданыстан ығысып жатқан сөздердің бірі. Оның алғашқы мағынасы «тұтас, кесек, құйма» болып, «рубль» мағынасына орыс тіліндегі семантикасына ұқсатып ауысқан болу керек. Қазақ тілінде бұл сөз, Зорсынғанға Алла бар /Сом темірге балға бар дегендей сом алтын, сом темір деген тіркестерде де сақталған. Соған қарағанда бұл рубль орнына келген жаңа сөз емес, ерте кезеңдерден бері қолданылып келе жатқан көне сөзіміз болса керек. Тіпті Абай мен Шәкәрімде де аталған атау кездеседі:

Тіленіп, телміріп ізденер /Тиын ба яки бір сом ба? [6].

Маған бітсе осы мал /Жанымды неге қыстар ем?

Мың теңгені бір сомдай /Қызығыма ұстар ем.

Паралап ол ұлықты алған /Сомына сом өсім салған [7].

Қазіргі түркі тілдерінің біразында сом «жүз тиынға тең ақша», яғни рубльдің балама атауы ретінде айтылған және бұрынғы Кеңес одағы мүше елдері немесе автономияларында қолданылып та келеді.

Рясянен сом сөзінің чуваш тіліндегі «сан, есеп» деген мағынасынан оның «сан» тұлғасынан келуі мүмкін деген пікірді алға тартады. Бірақ санның чуваш тілінде сом деп өзгерілуі оның сол тілден біздің тілдерге кіргеніне дәлел бола алмайды. Кейбір ғалымдар сом-ды латын тіліндегі сумма/сомма тұлғасымен байланысты келтіреді. Семантикалық дәлел ретінде шет тіліндегі манет/монетаның түркі тілдеріне манат боп кіруін көрсетеді. Бұл жерде де сумманың қазақ тілінде сома «белгілі бір мөлшердегі қаражат» сомалы «ақшалы, бай» деген тұлғалар сом емес, орыс тіліндегі сумма-дан келген. Оның сомға еш қатысы жоқ екені анық.

Бартольд ортағасырдағы еуропалық көпестің сөзін дәлел ретінде келтіріп, сом сөзінің түркі-татар далаларында алтын немесе күміс кесегі, құймасы мағынасында ақша орнына жұмсалғанын алға тартады [12, 327]. Соған қарағанда сом сөзі «алтын немесе күмістің құймасы, сомы, кесегі, тазасы (алтынның)» мағынасындағы сом (сом алтын) сөзімен байланысты. Сом ең бірінші «шағын, тығыз, тұтас» мағынасынан алдымен «металдың құймасы, кесегі» кейінірек «сом, рубль» мәніне ауысқан. Көне түркі жазба мұраларынан Диуани лұғатит түрkte сун деген тұлғада әрі алтын сөзімен тіркес түрінде жазылған сун алтун «кесек алтын». Қазіргі түркі тілдері мен көне түркі жазба мұралары деректерінен де сол көне мағынасы аңғарылады және оның бұрынғы заманнан сом алтын тіркес күйінде жазылғаны байқалады: құмық тілінде сом алтын «саф алтын» тіркес күйінде ғана айтылады; қырғыз т. сом «өңделмеген метал кесегі»: сом темир «үлкен кесек темір»; сом күмүш «таза күміс»; қарақалпақ т. сом «кесек»; сом алтын «саф алтын», сом темир «темір бөлігі»; түрік т. som «тығыз, шағын; құйма, кесек, таза, қоспасыз».

Шақа «металл ақша, ұсақ тиын, қара бақыр». Шақа сөзінің әдеби тілде белсенді жұмсалмай көбіне көркем шығармалар мен ауыз әдебиеті үлгілерінде айтылатыны аңғарылады:

Алшылы-шік болғанның жолы болса /Біз мойынды бұрмаймыз шақасына.

Қысқа күнде қырық құран соқса дағы /Үлкендер тұра ма екен батасына [7].

Шақаның бақыр ақша, уақ тиын мағынасындағы сөз екенін келесі мақалдан да аңғарамыз:

Пісте қабығы шөңге болмайды /Сары шақа теңге болмайды [10, 257].

Бұл сөз қазақ говорларында да жұмсалатыны аян.

Қырғыз тілінде чака сөзі қазақ тіліндегідей мағынаға ие: чака «ұсақ бақыр ақша»: чака бул/қызыл чака «ұсақ тиын ақша»; жети чака карзым жоқ (фраз.) «жеті тиын қарызым да жоқ»; кара чака «қара шақа, көк тиын».

Шақа сөзінің «ұсақ тиын» деген мағынасы «жүні жетілмеген балапан, төл, жаңа туған, нәресте» дегенді білдіретін шақа (қызыл шақа «жап-жас, әлі өсіп жетілмеген, нәресте»;

шақалақ «нәресте») және бала-шаға қос сөзіндегі «бала» мәніндегі шаға тұлғасымен байланысты болса керек [13, 161].

Strickland in the novel is a very boring, withdrawn worker who is not interested in the life of bourgeois England with its social foundations and rules. For a long time, tolerating and obeying the conventions of secular society, in an instant decides to leave everything and leaves for Paris, in the hope of finding professional artists who helped him understand the art of correct expression in the paintings of his spirituality. Having painted the paintings, Strickland immediately tries to forget about them. Judging them boring and insignificant, in comparison with new paintings, that will be painted in the future, following the impulses of their spiritual gaze. («It seemed to me that he would not show his pictures because he was really not interested in them. He lived in a dream, and the reality meant nothing to him. I had the feeling that he worked on a canvas with all the force of his violent personality, oblivious of everything in his effort to get what he saw with the mind's eye; and then, having finished, not the picture perhaps, for I had an idea that he seldom brought anything to completion, but the passion that fired him, he lost all care for it. He was never satisfied with what he had done; it seemed to him of no consequence compared with the vision that obsessed his mind») [6, 109]. Later, in Paris, he does not find reassurance, he dreams of distant countries, believing that there is his homeland. He wants to leave noisy, business and vicious Paris, as if he wants to find the foundation of the world, concluded in the spiritual and material worlds. As if he had solved the secret of the universe, he realized something that can be expressed differently in the paintings, combining material and spiritual matter. Strickland often saw in dreams warm countries, endless ocean expanses with a beautiful island with unknown trees, where far from everything, he could find himself, and what he is experiencing now is a

long and tedious path to that desired island. Confirmation was the painted picture on the walls of the Tahitian hut, the embodiment of his dream into reality and the achievement of a creative ideal. Later he said that all his previous works were only sketches or developments leading to the main goal, where the author of the picture created an incredible work that went beyond the material and earthly worlds. Combining some mystical and mythological meanings of the moon and the penny, what is beyond the reach of a simple person, Strickland did not want to leave his masterpiece and bequeathed to burn the hut before his death so that his priceless creation would not become a subject of purchase and sale.

Results. Based on the above material about ethnocultural vocabulary, we will conduct a lexical analysis of the use of such ethnolexemes in the novel «The Moon and Sixpence» Ethnocultural vocabulary is characterized by objects with background information that covers specific facts of the people's environment in everyday life: the structures of national community, ethnographic folklore concepts, peculiarities of the geographical environment, the spiritual side, the national character and identity of the people. Following the study of the scientist V.S. Vinogradov on marked lexemes with national-cultural semantics, we classified such ethnocultural lexemes into following thematic groups:


1. Ethnocultural vocabulary in the everyday space (cloths, clothes, food, currency, musical instruments, folk dances and songs, holidays, folk games)
2. Ethnographic and mythological lexemes (ethnic and social communities, fabulous creatures, deities, legends)
3. Words expressing the natural world (flora and fauna)
4. State-administrative structures and public life (public organizations, parties, national associations, trading establishments, military units, ranks, industrial and agricultural enterprises, positions and professions, titles)
5. Words with onomastic meanings (anthroponyms, place names, names of museums, restaurants, shops, names of literary heroes)

In the process of the analysis, we have gathered ethnolexemes from Maugham's novel «The Moon and Sixpence» according to the above classification:

1. Ethnocultural vocabulary in everyday space:
 - clothing: bishop's stockings, pyjamas, bonnet, blouse, pareo, tail coat with a stand-up collar.
 - pieces of jewellery: barbaric jewellery, earrings.
 - hats: tailcoat, bowler hat, hat, straw hat, cricket cap.
 - food (hot dishes, drinks, snacks, etc.): sandwich, spaghetti, pasta, pea soup, coconut salad, carry, canned meat.
 - gourmet food, dessert: pudding, ice cream, cookies.
 - drinks: tea, coffee, milk, water, soda, elixir, cocktail.
 - alcoholic beverages: brandy, absinthe, whiskey, liqueur, wine, beer, champagne.
 - tobacco products: tobacco, cigarette, cigar, pipe, cocaine.
 - money currency: pound, sterling, crones, crone, dollar, shilling.
 - musical instruments: piano, gramophone, concertino.
 - interior items: porters, brocade, faded silk, tte-tte table, fireplace, wardrobe, wardrobe, garcon (electric bell), velvet, Brussels carpet.
 - accommodation: apartment, hut, veranda, terrace, bedrooms, single-storey house, amber, kitchen.
 - transport: omnibus, cab, carriage, fiacre.
 - folk dances, songs and poems: poems by Mallarmé, novel by Gaborio
 - events: dinner party, English tea party, incident.
 - folk games: polo, golf, tennis, bridge, cards, chess, poker.
 - objects, needed for the artist: canvas, brushes, paints.
2. Ethnographic and mythological lexemes:
 - ethnic and social communities - a group of visiting Italians,
 - fairy creatures: Satire, Faun.

- Saints: Apollo.
- legends and giving to a certain people: the legend of the half-human and half-animal Satir, Faun, the legend of Marcius, the legend of good and evil, Adam and Eve.
- 3. Lexemes, expressing the Natural World:
 - flora: dark green trees, tamarind, coconut malmas, fragrant white flower, pear tree, coconut, croton bushes, mango tree, crimson flowers, rice, banana palms, wild oranges, ramp, tropical shrub, mango tree.
 - fauna: dog, bird, crabs, lobster, fish, chicken, insects, sharks, cat.
 - climatic changes: typhoon, hurricane.
- 4. State-administrative authority and public life:
 - public organizations: monastery house, Chinese head.
 - layer of society: royal court, bourgeoisie, aristocracy.
 - parties, national associations: Catholics, Protestants.
 - trading establishments: pakgauz, mall, tavern.
 - military items and units, ranks: spear fly, colonel, uniform, captain, monk, military schooner, revolver.
 - industrial and agricultural enterprises, hospitals: London St. Thomas's Hospital.
 - positions and titles and titles: monsieur, monsieur, madame, miss, mister, puzan.
 - professions: broker, maid, concierge, concierge, porter, governess, artist, bookie, waiter, kelner, torchman, sailor.
- 5. Words with onomastic meanings:
 - anthroponyms: King of England, Shrew Bill, Tiare, Empress, Captain Bruno, Dr Coutra, Red
 - ethnonyms: French, Dutch, Italian, English, Jewish, Chinese, American, Italian, Kanak, Negro, Swedish, Brazilian, Chinese, French, Italian, Spanish, Japanese, black, mulatto.
 - geographical names: Jermyn Street, Victoria Street, Rivoli Street, Mooane Street, Marquesa's ireland.
 - names of museums, schools, theatres, restaurants, shops: Ragby, Louvre, Empire, Times, Victoria, Montmartre, Hotel de Belge, Tropical Bird.
 - names of countries, cities: Paris, London, England, Holland, Norway, Sweden, Denmark, Italy, India, Amsterdam, Marseille, Chelsea, Norfolk, Kensington, Guistreet, Notting, Hemstead
 - names of literary heroes: Shrew Bill, Captain Nichols, Strickland, Cohen, Dirk Strev, Amy Strickland, Mrs. Strev.

The pie-chart shows a clear ratio of ethnocultural vocabulary, classified by thematic groups. The largest percentage of use: a group of ethnocultural vocabulary in everyday space – 39%, 2) words, with onomastic meaning – 29%, 3) state-administrative structure and public life, 4) Lexemes that develop natural phenomena – 12% and 5) social life, ethnographic and mythical lexemes – 4%. Summing up the lexical analysis, we can say that words, containing ethnocultural information in everyday space (39%) in the novel «The Moon and Sixpence» have a high frequency of use. It can be clothes, utensils, food, folklore, folk games, etc. And the smallest percentage of use of ethnocultural information was ethnographic and mythical lexemes (4%) (See picture 1).



Picture 1.

We know that the formation of England took a long time, and the English language survived the influence of nearby peoples. For a long time, culture, traditions and customs have been developed and supplemented in cooperation with other people. The history of England is replete with different historical events and legends. Using the example of Somerset Maugham's novel «The Moon and Sixpence,» we considered the use of ethnocultural vocabulary, which most colorfully describe the people, their mentality, etiquette, habits and traditions. They showed the frequency of their use in the novel, gave an etymological explanation for ethnocultural lexemes.

«Bridge» game.

The given ethnocultural lexeme «bridge» has several meanings: 1) game, 2) bridge, 3) link. Bridge is mostly used in the novel with the meanings as a game «But perhaps we shall be moved then to some place where there's a club and then you'll be able to go and play bridge in the evenings» [7, 128] and as a bridge «... and he stood on his bridge in a neat brown suit and homburg hat...» [7, 164]. If we take a deep look at the origin of the given lexeme «The origin of bridge whist is not definitely known, but a similar game appeared in Constantinople before 1870, under the name khedive, and almost the same game had been played in Greece before that. Khedive, whose name had for some reason become biritch, was played on the French Riviera in the 1870s. A pamphlet titled Biritch; or, Russian Whist, was issued in London in 1887 and very nearly described bridge whist» [8, 230], we would be able to see the vivid example of ethnocultural lexeme that is inherent to European culture.

«Clergyman».

The given ethnolexeme has one main meaning as a male member of the clergy. Originally, «Clergy» is from two Old French words, clergie and clergie, which refer to those with learning and derive from Medieval Latin clericatus, from Late Latin clericus (the same word from which «cleric» is derived). «Clerk», which used to mean one ordained to the ministry, also derives from clericus [9]. In the book the word «clergy» is met 10 times with the medium frequency of use, and has the main meaning as a priest: «The modern clergyman has acquired in his study of the science which I believe is called exegesis an astonishing 'facility for explaining things away, ... to the highest dignities of the Church'. And in the given text «clergy» could be used in the context of spirituality, worship.

«As dead as mutton».

Along with other ethnocultural markers found in a certain people, we can talk about idiomatic expressions. Such expressions take certain layer of vocabulary, reflecting the spiritual side of the people. Such expression is the example of ethnocultural relations, as dead as mutton, which possesses several meanings: 1) to be dead and 2) to be boring and unknown. In this context, the one of the heroes of the novel, the writer was boring and unknown. «Mr. Crabbe was as dead

as mutton, but Mr. Crabbe continued to write moral stories in rhymed couplets» [7, 135]. The given expression is not used very frequently.

«A tea-party».

Along with other ethnocultural markers available in the peoples, we talk about expressions. For example, a tea-party has several meanings: 1) a social gathering, usually in the afternoon, at which tea and light refreshments are served, 2) English tea party at 5 o'clock, 3) (initial capital letters) a conservative political movement in the U.S. that opposes taxes and government spending: named in reference to the Boston Tea Party of 1773 [10]. In the work, we see, using the meaning of gathering guests for a dinner, which was called a tea-party. An example is a sentence taken from context: «Miss Waterford was giving a tea-party, and her small room was more than usually full» [7, 97]. In the novel, this expression is used very often, since the British are very fond of drinking tea, which is undoubtedly an attribute of their ethnocultural marking.

«Chimneypiece».

In the novel, we very often meet the ethnocultural lexeme «chimneypiece.» This lexeme has several meanings. For example: 1) a hollow structure that allows the smoke from a fire inside a building to escape to the air outside, 2) an ornamental construction over and around a fireplace that includes the mantel. This expression appears in the novel «There was blue delft on the chimneypiece» [7, 164]. Since the British people have a tradition of sitting to swing on a chair by the fireplace to rest, such expression is frequently used in British literature. This expression is often found in the novel. If we study the etymology of the given word, we find the information: «The word chimney comes ultimately from the Greek kaminos, «furnace,» and in 13th-century Old French it became the more familiar looking cheminee, «fire place». As chimney fires became a serious problem, the chimney sweep became an important person, cleaning the soot from chimneys» [10].

«luncheon».

It is customary for the British people to very often call guests and gather at the table. This expression has the meaning – «a formal usually midday meal as part of a meeting or for entertaining a guest» is used in the sentence «I want now and then to pleasant little luncheons at her flat, and to rather more formidable tea-parties.» The etymology of the origin of this type of lunch goes far back. Scholars explain its etymology as follows: 'Recorded since 1580; presumably short for luncheon, but earliest found also as lunshin, lunching, equivalent to lunch + -ing, with the suffix -ing later modified to simulate a French origin. Lunch is possibly a variant of lump (as hunch is for hump, etc.), or represents an alteration of nuncheon, from Middle English nonechenche ("light mid-day meal") and altered by northern English dialect lunch ("hunk of bread or cheese") (1590), which perhaps is from lump or from Spanish lonja ("a slice", literally "loin") [12].

«A cricket cap»

This expression is an excellent attribute of ethnocultural marking, since earlier in England, this cap was dressed by representatives from wealthy families who studied in private schools in the UK. In the modern world, there are different types of hats, everyone puts on a cap, this is more of a fashion line. The meaning of this ethnolexeme: «A cricket cap is a type of soft cap, often made from felt that is a traditional form of headwear for players of the game of cricket, regardless of age or sex.» In the novel, this word is met with the high frequency. In the novel, this expression has the identical meaning – «The son – his name was Robert – was a boy of sixteen at Rugby; and you saw him in flannels and a cricket cap and again in a tail-coat and a stand-up collar» [7, 97].

«Cigars».

This expression has the meaning of a tobacco product made for smoking. Cigarettes come in a variety of quality, types and shapes. For cigars, selected tobacco leaves, high-quality paper, filters are used and vary in flavor tones. We see the use of the word in the sentence «He passed round the port again and handed us cigars», which means the prevalence of cigar smoking in England, which were undoubtedly components of ethnocultural vocabulary.

Conclusion. Every nation and people has their own historically established views and ideas about the surrounding world, peace and culture of its people [13, 40]. Such ideas underlie the knowledge of the language, traditions, habits, and life of others people. To understand another culture, a person, first of all, must master the language of that people. In Western literature, culture is represented in the form of an «iceberg», where ethics, aesthetics, norms and cultural values lie at the very base, and at the top of the iceberg there is individual human behavior that establishes and manifests in communication with others. The interaction of cultures is, first of all, the correct cooperation of peoples aimed at successful development in line with intercultural communication. Culture has its own code, attributing a certain behavior to a person, the management impact. Culture, in the process of life, tends to change, since the language also tends to change (neologisms vocabulary appears, archaic words fall out). The fundamental factor in the interaction of cultures is the communication of cultures in different languages. In this interaction, ethnocultural vocabulary also follows – words that have a special part in their meanings that characterize the connection between language and culture are called the semantic-cultural component of the language unit. Such words include realities, exotisms, phraseologisms, idiomatic expressions, toponyms and ethnonyms, which were studied in the process of analyzing the work «The Moon and Sixpence». Based on the conclusions of the analysis, we can say that such a layer of vocabulary in linguistics is called ethnocultural vocabulary, existing and characteristic of any language; they have a pronounced national flavor of the people. For linguists, the study of such vocabulary is very important, where, in the process of describing and comparing languages, the culture of nationalities is also opposed. Ethnocultural vocabulary, as a certain layer of lexical units, is characteristic only: 1) each one people, 2) thanks to such a group of lexemes, the language of each people is rich in diversity and saturation of artistic color, 3) in different people similar such units can differ only in shades of their meanings. Such words are most closely related to the culture and life of the people, therefore, the emergence of new ethnocultural words is traced in the development of the material and spiritual life of society.

Literature

1. Тектігүл Ж.О., Дузмагамбетов Е.А., Баядилова-Алтыбаева А.Б. Қазақ топонимдерінің мифологиялық қабаты //Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Филология сериясы. №1 (185). – 2022. – С. 168.
2. Герд А. С. Введение в этнолингвистику: Курс лекций и хрестоматия. СПб., 2005. – С. 15.
3. Bennet A. The Author's Craft and Other Critical writings of Arnold Bennet. Ed. by Samuel Hynes. Lincoln, Univ. of Nebraska press, 1968. – P. 78.
4. Aldington R. W. Somerset Maugham. An Appreciation by Richard Aldington. Sixty Five. By W. Somerset Maugham. – N.Y.: Doubleday, Doran and co., 1939. – P. 134.
5. Wescott G. Images of Truth. Remembrances and Criticism. L.: Hamish Hamilton, 1963. – P. 127.
6. Curtis A. The Pattern of Maugham. A critical portrait. L.: Hamilton, 1974. – P. 88.
7. Maugham W. S. The Moon and Sixpence, M.: Progress Publishers, 1972. – P. 250.
8. Maugham S. On the Chinese screen. Great Britain, 1922. – P. 230.
9. Ahmad J. Englopedia. Archaisms examples and types: – 23.10.2023. <https://englopedia.com/archaisms-with-its-types-and-examples-in-detail/>
10. Dictionary. The definition of the word. – 21 Feb 2024.
11. Urban dictionary: – 8.11.2023.
12. Britannica. The development of the game:
13. Smyslova E.V., Ereemeeva G.R. Evaluative Component of the artistic Discourse and its Means of Actualization in the Short Stories by W.S. Maugham. // Scopus Academic Journal of Interdisciplinary Studies. Vol 8 No 4, December 2019, 40 – 44p. Doi: 10.36941/ajis-2019-0035. E-ISSN 2281-4612; ISSN 2281-3993. [https://www.richtmann.org/journal/index.php/ajis/article /view /10606/10230/](https://www.richtmann.org/journal/index.php/ajis/article/view/10606/10230/)

Л. Янг, Г.С. Шарипова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Ж.К. Өмірбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

СОМЕРСЕТ МОЭМНІҢ «АЙ МЕН АҚШАСЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ

Аңдатпа. Бұл мақала тұтастай алғанда этномәдени лексика феноменін қарастырады: толық теориялық шолу береді, оның функционалдық қызметі және лингвокультурологияда осындай этнолексстердің пайда болу ерекшеліктері. Қазіргі заманда халықтар арасындағы жаһандық және қарқынды ынтымақтастықтың арқасында бірінші кезекте басқа халықтың тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігінің мәнін, менталитетін, олардың тіліндегі рухани жағын білуге тиіспіз. Этномәдени мағынадағы сөздер тіл бірлігінің семантикалық-мәдени компоненті болып табылады. Бұл сөздерге реалиялар, экзотизмдер, фразеологизмдер, идиоматикалық сөздер, топонимдер мен этнонимдер жатады.

С. Моэм – қазіргі заманның көрнекті жазушысы, оның қаламұшының астынан көптеген сәнді шығармалар шыққан. Оның өмірбаяны әлем бойынша саяхатта алған әсерлеріне толы. Моэмнің жалпы әлем туралы белгілі бір көркемдік және сыни көзқарасы болды: әлеуметтік қоғам топтарының теңсіздігі проблемалары, шынайы жаратушының болуы туралы, оның туындыларды баяндау мәдениеті туралы, туындыны жасаған кезде автор қандай ережелерді ұстануы керектігі туралы сұрақ қойылды. Көрнекті жазушының еңбектерінде өнер проблемасының терең, шынайы және елеулі көрінісі байқалады.

Жұмыста Сомерсет Моэмнің «Ай мен ақшасы» романы бөлігінде этномәдени лексикаға жасалған лексикалық талдау ұсынылған. Егжей-тегжейлі лингвистикалық талдаудың арқасында мұндай этнолексстерді зерделеу шетел халықтарының тарихы мен мәдениетін, олардың менталитеті мен руханиятын тануда өте маңызды екенін анықтап отырмыз, ол халықтардың табысты ынтымақтастығының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Түйін сөздер: С. Моэм, этномәдени лексема, идиоматикалық сөздер, реалиялар, этноним, топоним.

Л. Янг, Г.С. Шарипова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан

Ж.К. Омйрбекова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан

ВОССОЗДАНИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ ЛЕКСИКИ В РОМАНЕ СОМЕРСЕТА МОЭМА «ЛУНА И ГРОШ»

Аннотация. Данная статья рассматривает феномен этнокультурной лексики в целом: дает полное теоретическое обозрение, ее функционирование и особенности проявления таких этнолексем в лингвокультурологии. В современном мире, благодаря глобальному и интенсивному сотрудничеству между народами, мы, в первую очередь, должны знать историю другого народа, культуру, тонкости быта, менталитет, духовную сторону, выраженную в их языке. Слова, имеющие в значениях особую часть, характеризующих связь языка с культурой, называют семантико-культурным компонентом языковой единицы. К таким словам относятся реалии, экзотизмы, фразеологизмы, идиоматические выражения, топонимы и этнонимы.

С. Моэм – писатель современности, из-под пера его вышли множество роскошных произведений. Биография его полна впечатлений, полученных в путешествиях по миру. Моэм имел определенный художественный и критический взгляд о мире в целом: проблемы неравенства слоев социального общества, задавался вопросом о бытие истинного творца, о его культуры изложения произведений, каких правил должен придерживаться автор при создании произведения. В работах выдающегося писателя, прослеживается глубокое, реалистичное и значимое отражение проблемы искусства.

В работе представлен анализ этнокультурной лексики в разрезе романа выдающего писателя современности Сомерсета Моэма «Луна и грош». Благодаря подробному лингвистическому анализу, мы видим, что изучения таких этнолексем очень важны в познании истории и культуры иного народа, менталитета и духовности, которые являются основополагающим компонентом успешного взаимодействия и сотрудничества народов.

Ключевые слова: С. Моэм, этнокультурная лексема, идиоматические выражения, реалии, этноним, топоним.

References

1. Tektigul Zh.O., Duzmagambetov E.A., Bayadilova-Altybaeva A.B. Kazak toponimderinin mifologiyalyk kabaty //Vestnik KazNU imeni al'-Farabi. Filologiya seriyasy. №1 (185).2022. – 168s.
2. Gerd A. S. Vvedenie v jetnolingvistiku: Kurs lekcij i hrestomatija. SPb., 2005. –15s.
3. Bennet A. The Author's Craft and Other Critical writings of Arnold Bennet. Ed. by Samuel Hynes. Lincoln, Univ. of Nebraska press, 1968. – 78s.
4. Aldington R. W. Somerset Maugham. An Appreciation by Richard Aldington. Sixty Five. By W. Somerset Maugham. - N.Y.: Doubleday, Doran and co., 1939. – 34s.
5. Wescott G. Images of Truth. Remembrances and Criticism. L.:Hamish Hamilton, 1963. – 127s.
6. Curtis A. The Pattern of Maugham. A critical portrait. L.: Hamilton, 1974. – 88s.
7. Maugham W. S. The Moon and Sixpence, M.: Progress Publishers, 1972. – 250s.
8. Maugham S. On the Chinese screen. Great Britain, 1922. – 230s.
9. Archaisms: <https://englopedia.com/archaisms-with-its-types-and-examples-in-detail/>
- 10.Dictionary. The definition of the word.– 21 Feb 2024.
11. Urban dictionary: <https://www.urbandictionary.com/define.php?term=coolie>
12. The development of the game:
13. Smyslova E.V., Ereemeeva G.R. Evaluative Component of the artistic Discourse and its Means of Actualization in the Short Stories by W.S. Maugham. // Scopus Academic Journal of Interdisciplinary Studies. Vol 8 No 4, December 2019. Doi: 10.36941/ajis-2019-0035. E-ISSN 2281-4612; ISSN 2281-3993. <https://www.richtmann.org/journal/index.php/ajis/article/view/10606/10230/>

Авторлар туралы мәлімет:

Лили Янг – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Лили Янг – докторант Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Lily Yang – Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Гулнара Султанбековна Шарипова – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы.

Гулнара Султанбековна Шарипова – кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени Аль-Фараби.

Sharipova Gulnara Sulnatbekovna – Candidate of Philology, senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University.

Өмірбекова Жамиля Калдыбековна – филология ғылымдарының кандидаты Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Өмірбекова Жамиля Калдыбековна – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Omirbekova Zhamilya Kaldibekovna – Candidate of philology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

XFTAP 17.07.65

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.08>

А.Д. АБИЛДАЕВА¹ 

*Ж.Ә. АЙМҰХАМБЕТ² 

А.А. МИРЗАХМЕТОВ³ 

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2,3}
(e-mail: zhylkybai.phd@mail.ru¹, a_zhanat@mail.ru², mirza_achmet@mail.ru³)

БИНАРЛЫҚ ОППОЗИЦИЯНЫҢ АКТАНТТЫҚ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада мифологиялық және фольклорлық мәтіндердегі бинарлық оппозиция туралы қалыптасқан ғылыми анықтамалар мен тұжырымдарға шолу жасалып, сол еңбектердегі маңызды ой-тұжырымдар қарастырылады. Бинарлық оппозицияның ғылымда шындықты танудың әмбебап құралы ретінде қарастырылатынына назарға алынады. Архетиптік ойлаудың мифтік мәтіндерде көрінетін негізгі сипаттамалары талданады. Ғаламның мифтік бейнесінің негізін құрайтын тұрақты оппозициялық жұптар жүйеленіп, олардың мәтін құрылымындағы мәніне семантикалық талдау жасалады. Бастауын мифтік ойлаудан алып, қазіргі таңда да жалғасын тауып келе жатқан мифологиядағы оппозициялық жұптардың ұлттық дүниетанымды таныту мен ғаламның мәдени танымдағы бейнесін айқындаудағы рөлі сипатталады. Ғаламды бинарлық оппозиция арқылы қабылдау ақыл-ой құрылымы бірдей қазіргі заманауи адам үшін де өзекті екендігі айтылады. Бинарлық оппозиция ақиқатты танудың әмбебап құралы болғандығы мысалдармен көрсетіледі. Жаратылыстағы қайшылықты күштер мен ұғымдардың бірлігінің мәніне назар аударылады.

Ғаламдағы қарама-қайшылықтарды жеңу арқылы дүниені тану үшін мифтердің негізгі атқаратын қызметі болғандығы теориялық еңбектерге сүйене отырып, жан-жақты қарастырылады. Көне дәуір адамдарының дүниені тануына, қоршаған орта сырын ұғуына, өзара үйлесімді сақтауына бағдар болған мифтің адамзат санасында тұрақты орын алып, өнер туындыларының қайнар көздеріне айналу заңдылығы сарапқа салынады. Бинарлық оппозициялық құрылым әдебиеттануда миф мәтіндеріндегі қарама-қайшылықтың әрекет ету түрін танытып, осы негізде көрінетін актанттық қызметті анықтайтыны дәлелденеді.

Түйін сөздер: миф, бинарлық оппозиция, мифологиялық сана, қарама-қайшылық, актанттық құрылым, мифтік сана, жаратылыс.

Кіріспе. Қазіргі таңда философия мен мәдениеттану теориясында ғаламды танудың әмбебап құралы ретінде қызметін бастаған бинарлық оппозицияны (қарама-қайшылықты) талдау әдісі тіл білімінде де белсенді түрде қолданылып келеді. Қоғам дамуының алғашқы кезеңінде шындықты қарапайым ғана түсіну миф түрінде жүзеге асырылды. Ғарыштағы тіршілікті түсіндіруші және ұжымдық санада оңтүстік//солтүстік, жер//аспан, жарық//қараңғылық, өмір//өлім т.б. сияқты негізгі бинарлық оппозицияны бекітті. Ойлау кодын ұйымдастырудың мұндай қарапайым үлгілері (өзінен-өзі немесе мифологемдердің (актанттардан тұратын сюжеттік-логикалық құрылым) құрылымдық элементі) ежелгі

заманғы өмір салтының бастапқы қалпына рационалды құрамдас бөлікті енгізіп, адамдардың протоэкономика мен діни-салттық салалардағы өзара байланысын реттейтін жаңадан пайда болған әлеуметтік маңызды қатынастарды ретке келтіріп, жүйелеп отырды [1, 58].

Ойлаудың жүйеленбеген түрінен жүйеге түскен, яғни бинарлық түрге біртіндеп көшу алғашқы қоғамда түбегейлі басқа парадигманы қалыптастырудың алғышарттарын жасады: «Қосарлы ұғымды енгізу адамның бойындағы зұлымдықты ауыздықтауын, өзін-өзі жөнге салуын, қоғамда рұқсат етілмеген мінез-құлықтың алғашқы әлеуметтік нормаларын белгілеп берді» [2, 120]. Осылайша, мифтерде бекітілген бинарлық оппозицияны алғашқы адамның бастапқы дүниетанымдық матрицасының идеологиялық негізі, сыртқы ынталандыруды интеллектуалдық өңдеудің ерекше бір түрі деп санауға болады. Осымен байланысты бинарлық мәдениеттегі «Мен//Өзге» бастапқы және негізгі метаоппозициясынан алынған кез келген семантикалық әрекеттің инвариантты құрылымдық негізі ретінде әрекет етеді» [3, 12].

Ғылымда өзіндік құрылым ретінде танылған бинарлық оппозиция өлең ұйқасынан бастап күн мен түннің биологиялық ырғақтарымен қоса, идеалды мәдениет – материалдық мәдениетті қамтитын мәдени ырғақтарға дейін шектеусіз қолданылады. Н. Бор, В. Гейзенберг, Ю.М. Лотман секілді көптеген зерттеушілердің пікірінше әмбебап сипатқа ие бинарлық оппозицияның негізі ғаламның бұрынғы да (архаикалық), қазіргі заманғы да кез келген бейнесін сипаттау негізінде жатыр. Дүниені бинарлық тұрғыдан танудың толықтырылуы оны бүге-шігесіне дейін толық тану мүмкін еместігін көрсетеді.

Бинарлық оппозиция белгілі ғалым Ю.М. Лотманның мәдениеттану тұжырымдамасында ерекше маңызға ие болды. Ол оппозициялық жұптарды (бір жағынан, сызықтық дискретті, екінші жағынан – ұйымдастырудың гомеоморфты континуумдық бастауы) адамзат қызметінің барлық деңгейінде болатынын атап көрсетеді. Бұл жұптардың табиғаты мидың оң жақ және сол жақ жарты шарына тән ойлауымен тығыз байланысты. Мұндай оппозицияларды «балаға тән – ересек адамға тән», «іс-әрекет – орындау», «кескіндік ойлау – ауызша ойлау» және т.б. ажыратуға болады [4, 38]. Ғалам семиотикалық тұрғыдан қандай да бір деңгейде танылғаннан кейін, осы қатарға сәйкес келетін бинарлық оппозиция да бірден айқындалады, ал бұл семиотикалық механизмнің ішкі динамикасын және оның ақпарат беру мүмкіндігін анықтайды. Ғалым бұл теориясында интеграциялық механизмге метатілдік блок сияқты назар аударады. Ол метатілдік сипаттамаларға «интеллектуалдық тұтастықтың» қажетті элементі ретінде қарайды [4, 39]. Ал бұл метатілдің бірліктерін бинарлық оппозиция құрайды.

Мәтінді бинарлық оппозиция арқылы таныту идеясы К. Леви-Стросстың структурализмінде жалғасын тапты. Дәстүрлі қоғам ғаламды тануды тұтас білім нысаны ретінде ала отырып, осы тұтастықты өзінің ерекше көріністері арқылы сипаттады. Семиотик ғалым В.П. Рудневтің айтуынша, күллі адамзат үшін бинарлық оппозиция шындық туралы интуитивті идеялар жүйесі ретінде ғаламның бейнесін сипаттау немесе жаңғырту кезіндегі негізгі құрал ретінде сипатталады [5, 127].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың зерттеу материалы ретінде бинарлық оппозицияны зерделеген еңбектердегі ой-тұжырымдар басшылыққа алынып, миф мәтіндеріне талдау жасалды. Бинарлық оппозицияның мәнін ашатын актанттық құрылым талдау-жинақтау, индукция-дедукция әдістері негізінде қарастырылды. Бинарлық оппозицияның теориялық мәнін түсіндіру мақсатында структуралистік әдіске басымдық беріліп, талдау барысында салыстырмалы әдіс қағидалары пайдаланылды.

Миф туралы теория XIX ғасырдан бері қалыптаса бастағаны белгілі. Я. Гримм, В. Гримм, М. Мюллер, Дж. Вико, Ф. Шеллинг, Ф. Шлегель, А. Шлегель, Ф. де Соссюр, К. Леви-Стросс, Э. Тейлор, Г. Спенсер, В. Вундт, К.Г. Юнг, М. Элиаде, О. Ранк, Ю.М. Лотман, Р. Барт, Ф. Лосев, Е.Я. Режабек, И.А. Едошина секілді шет ел ғалымдарының еңбектерінде миф табиғаты, оның мәдени-әдеби танымдағы қызметі туралы құнды тұжырымдар жасалса, қазақ зерттеушілері С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Р. Бердібаев, Ш. Ибраев, С. Қоңдыбай,

3. Наурызбаева, Ж. Аймұхамбет еңбектерінде мифтің фольклор жанры ретіндегі мәні, сондай-ақ философиялық, мәдени, тілдік, әдеби-теориялық тұрғыдағы талдамасы орын алды.

XX ғасырда гуманитарлық білімнің әртүрлі саласы мифологиялық мәселелерге және олармен байланысты қоғамдық өмір мен ұжымдық сананың құбылыстарына бет бұрды, өйткені миф бүгінде ежелгі әдебиеттің бір түрі ғана емес, сана күйі ретінде түсініледі. Мифологиялық санада «өмір – өлім», «шындық – елес», «өтірік – ақиқат» сияқты іргелі мәдени қарама-қайшылықтар бейтараптандырылған. «Миф рационалистік дүниетаным басым түсетін оқиғаны қабылдамайтын немесе қандай да бір себептермен оны жоғалтатын жерде жаңғырады» [6, 9]. Қазіргі мәдениеттегі ақпараттың шамадан тыс көптігі мен олардың ала-құлалығынан туындаған санадағы хаос мифтердің негізінде жатқан архетиптік құрылымдармен байланысты түпсананың компенсаторлық реакциясын тудырады. Аналитикалық психологияның негізін қалаушы К.Г. Юнгтің пікірінше, мифтер ұжымдық бейсанада пайда болса да, әрдайым адамның жеке психикасында көрініс табады.

Француздың этнолог ғалымы К. Леви-Стросстың есімі бүгінгі күні ерекше өзекті болып отырған мифологиялық сананы зерттеуде құрылымдық көзқарасты қолданумен байланысты. К. Леви-Стросс мифологиялық ойлауды бриколаж (французша bricolage – бильярдағы доптың кері серпілісі), яғни жалпыға ортақ өзара байланыста қарастырды. Этнолог ғалымның төл мәдениетінде қандай да бір бинарлық оппозицияны білдіретін белгілі бір әдет-ғұрпы бар. Дәл қайсысы қазіргі заманғы адаммен байланысты екенін нақты білу мүмкін емес, өйткені таңбалаушы мен таңбаланушы арасындағы байланыс тарих қойнауына сіңіп жоғалып кеткен. Этнолог ғалым алғашқы адамдардың арасында да осындай әдет-ғұрыпты (өзінің добын оның добына ұру) табады. Алғашқы адамдарда да бұл әдет бинарлық оппозициямен байланысты (доп бүйірге соғылып, кері серпіледі). Мұны Леви-Стросс «жалпылау» деп атап, таңбаланушыны (бинарлық оппозицияны) анықтайды. Бұл операцияны басқа салтпен жасап, сол қарсылықты қайта тапқан этнолог енді бұл әдет-ғұрыптарды салыстыра алады [7, 452-453]. К. Леви-Стросс мәдениет пен әлеуметтік әдет-ғұрыптың әртүрлі формасын тілдік жүйеге ұқсастығы бойынша талдап, олардың бинарлық құрылымын ашып, алғашқы қауымдық заманда пайда болған мифтерде болатын біртұтас құрылымның бар екендігіне, сондықтан мифтер бірдей әлеуметтік-мәдени қызмет атқарған деген тұжырымға келеді. Ғаламдағы қарама-қайшылықтарды жеңу арқылы дүниені тану мифтердің негізгі атқаратын қызметі болған. Ғалым адамдардың қай заманда да ойлау тәсілдері мен ойлау қабілеті бірдей болған деген көзқарасты ұстанса, француздың келесі бір этнолог ғалымы Л. Леви-Брюль алғашқы қауымдағы адамзат баласы әлемге қазіргі біздің көзқарасымызбен қараса да, оны өзгеше санамен қабылдаған деген пікірді ұсынады [8, 15]. Ғаламды бинарлық оппозиция арқылы қабылдау ақыл-ой құрылымы бірдей қазіргі заманауи адам үшін де өзекті. Леви-Стросс қазіргі және алғашқы адамдар арасындағы қабылдаудың ұқсастығы туралы айта келе, былай дейді: «Көз миға ежелгі дәуірдегідей жай пішінді бейнелерді ғана емес, сонымен қатар бинарлық оппозиция жүйесін, атап айтқанда – тыныштық пен қозғалыстың, түс пен түссіздің арасында береді... Көз немесе ми осындай қарапайым ақпаратты ала отырып, нысанды тұтастай жаңғыртады, бірақ олар оны іс жүзінде ешқашан тұтастай қабылдамаған» [9, 93].

Мифологиялық сана иелерінің әлемді тұтас күйінде қабылдағаны ғаламның алуан түрлі сипатын көрсететін кеңістік-уақыт моделі бинарлық оппозициялардың шектеулі жиынтығын қолдана отырып құрылғанынан хабар береді. Әлем – табиғи түрде біртұтас, алайда таным үдерісінде бөлшектелген нәрсені бір деп санауға болады. Алғашқы жаратылыс туралы мифтер түпсіз тұңғыққа (хаосқа) жетелесе де, хаос идеясының өзі алдыңғы күрделі ойлау операцияларының нәтижесі болуы керек. Бұлайша бөлу операцияларының нәтижесі өлшем мен ырғақтан тұратын ғаламдағы кеңістік пен уақыт болып табылады. Оны санауға, өлшеуге, салыстыруға және сайып келгенде танып-білуге болады.

Талқылау және бақылау. Миф дегеніміз – адамзат пен ғалам жайлы, Құдайлар мен түрлі үрейлі жын-перілер, әруақтар мен құтқарушы қаһармандар туралы, ақиқатты түсіндіру қызметін атқаратын символдық баяндау. Бағзы дәуірлердегі адамдар мифті ойдан құрастырылған дүние деп емес, күллі ғаламның бір ғана шындығы деп түсінген. Миф мәдени сабақтастықтың негізгі тетігі және мінез-құлықтың маңызды формаларының үлгісі ретінде қызмет еткен. Архаикалық мифтердің негізгі сюжеттері дербес дамып келе жатқан мәдениеттерде қайталанады. Миф әңгіме түрінде беріліп, әлеуметтік құрылымда, өнерде, поэзияда, сәулет пен киім-кешектегі символдарда көрініс табады. Тыңдаушының мифті шынайы оқиға ретінде қабылдауы оның ертегіден айырмашылығын көрсетеді. Ертегілердің бастауында миф тұр, қазіргі ертегілерге қарасақ, байырғы ұғымдарды сұрыптауға болады [10, 64].

Миф – әлемнің жаратылуы туралы адамзаттың түсінігін бейнелейтін көне дүниетаным. Мифте дүниенің, жаратылыстың түрлі құбылыстары мен әлемнің жаратылуы, адамзаттың пайда болуы баяндалады. Кейінгі мифтік сананың екінші кезеңінде дүниенің жаратылуы, адам мен оның ортасы, жер бетіндегі өзге де тіршілік иелерінің мінез-құлқы т.б. түсіндірмелі, танымдық сипатта баяндалады. Қазақ ғылымында мифке қатысты Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, С. Қасқабаев, Ш. Ыбыраев, Е. Тұрсынов, С. Қондыбай сияқты ғалымдар арнайы ғылыми зерттеулер жазды. Миф – ата-бабалардың ежелгі, бастапқы танымындағы ғалам, оның жеке дүниелері, сол ғаламның алғашқы пенделерінің өмірі хақындағы түсініктері.

Бинарлық оппозиция Ф. де Соссюрдің структурализм теориясынан шыққан. Соссюрдің ойынша, бинарлық оппозиция – тіл бірліктерінің мәнді немесе мағынаға ие болатын құралы. Әрбір бірлік бинарлық кодтағыдай басқа терминмен байланыс арқылы анықталады. Бұл қарама-қайшылық емес, құрылымдық, бірін-бірі толықтыратын қатынас. Соссюр белгінің мәні оның контекстінен (синтагматикалық өлшем) және ол жататын топтан (парадигмадан) туындайтынын көрсетті. Бұған мысал ретінде біз «жамандықты» түсінбейінше «жақсылықты» түсіне алмаймыз. Басқаша айтқанда, бинарлық оппозиция – мағыналары бірін-бірі жоққа шығаратын өзара байланысты терминдер немесе ұғымдар жұптары [11, 118]. Бинарлық оппозиция тұжырымдамалық түсінуге келгенде тілде ғана қолданылмайды. Көптеген зерттеушілер бинарлық оппозицияны өз идеяларын ұсыну құралы ретінде пайдаланады. Мысалы, Қытай философиясында инь және ян сияқты белгілі ұғым бар, Исламда періште және жын, биологияда еркек пен әйел, табиғатта аспан мен жер және т.б. Бұл бинарлық оппозицияның барлық білім саласында, соның ішінде филологияда кеңінен қолданылатын көрсетеді [12, 83].

Бинарлық оппозиция ғылымда шындықты танудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Оның сол жағы, әдетте, оң (жағымды), ал оң жағы – теріс (жағымсыз) болып келеді. Ғалымдардың көрсетуінше, мұндай қарама-қайшылық мифологиялық санадан бастау алады... Барлық бинарлық оппозициялық жұптар үнемі қарама-қарсылық мағынасы бойынша біріктіріледі. Бұл жерде бір оппозициялық жұп жағымды, жақсы, екінші қарама-қарсы ұнамсыз болып келуімен ерекшеленеді [13].

Қазіргі қазақ мифологиясындағы актант-кейіпкерлер қатары көп. Бұл кейіпкерлердің бірі жауыздықты бейнелесе, кейбіреуі адамның досы болып келеді. Қазақ танымындағы мифтік кейіпкерлерді санамалап көрсеткен «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» атты еңбекте оларды төмендегіше жіктеген:

Тотемдік кейіпкерлер: көк бөрі, көк өгіз

Шамандық кейіпкерлер: самұрық, бәйтерек, бақсы

Демонологиялық кейіпкерлер: албасты, жезтырнақ, жалмауыз, мыстан кемпір, пері, шайтан, жын, дию

Хтоникалық кейіпкерлер: дәу (қара дәу, бір көзді дәу, Шойынқұлақ, Үш дәу, Аю дәу), алыптар (алаңғасар, арсалаң, Толағай, Ерсары, Ұланқұл), ергежейлі (жартықұлақ, бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс)

Ілкі қаһармандар: сиқырлы көмекшілер (таусоғар, көлтаусар, саққұлақ, желаяқ, епті), пірлер (Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Сексек ата, Шопан ата)

Трансформацияланған мифтік кейіпкерлер: Қаңбақ шал, Тазша бала [14, 6].

Бұлардың ішіндегі **көк бөрі, көк өгіз, самұрық, бәйтерек** секілді кейіпкерлер жағымды бейнеде келсе, демонологиялық кейіпкерлердің барлығы жағымсыз, зұлым болып келеді. Ал дәулердің ішіндегі **қара дәу, жалғыз көзді дәу, аю дәу, Шойынқұлақ** сияқтылар жамандық жасаушылар болса, Үш дәу аңқау, бәріне сенгіш, айналасындағыларға зарарын тигізбейтін кейіпкер ретінде суреттеледі.

Актант категориясының ішінде іс-әрекетіне қарай субъект, адресант, көмекші немесе қаскөй сипаттарымен көрінетін миф кейіпкерлері басқалардан өзгеше болып келеді, яғни олар – «ерекше жаратылғандар». Олар адамзат баласы бағынған заңдылықтарға бағына бермейді. Миф қаһармандары туралы зерттеушілер олардың персонификациялық әлемін осылайша пайымдайды. Ал аңыз, эпсана қаһармандарының болмысы олардан сәл ерекшелік. Өзінің сапалық белгісі жағынан миф қаһармандарымен үндес келетін тұстары болғанымен, адамзат баласына тән заңдылықтарға мойынсұнатын, оларды бұза алмайтын жандар [15, 83].

Мифтерде ең жиі кездесетін бинарлық жұптар мыналар:

1. Аспан – жер. Қазақ халқының жаратылыс пен ғаламды танып-білу туралы мифтерінде көк аспанды – **әке**, қара жерді – **ана** деп тану наным-сенімі бар. Бұл танымды көрсететін мифтік образдар – **аспан – әке – Тәңір** мен **жер – ана – Ұмай**. Бұл мысалдарға назар аударсақ, әлемнің жаралуы туралы мифтік дүниетанымдарда еркек пен әйелдіктің бастауы мифологиялық ұқсас сипаттардан байқалады. Аспан мен жер туралы мифтік танымдағы жұп архетиптік бейнелердің адамзаттық философия мен мәдениетте айрықша орны бар екені анық.

Архетип ұғымын ғылымға енгізген К.Г. Юнгтің айтуынша, Анима (ер) және Анимус (әйел) әлем халықтарының мифологиясында да бар архетиптік бейнелер. Ғалымның пікірінше, Анима мен Анимустың әйел мен еркек психологиясының жекелеген ерекшелігін айыруда үлкен рөлі бар. Анима өмірдің архетипін бейнелеп, еркектік рух ретінде қабылданады, ал Анимус әйелдік рухани бейне ретінде беріледі [16, 89]. Дүниетанымның ең алғашқы, мәдени сананың тарихи формасы саналатын мифологиялық ойлау жүйесінде дуалистік сипат еркек пен әйел, ақ пен қара, ізгілік пен зұлымдық түрінде танылып, өмір осы екі жүйедегі қарам-қарсы ұғымдардың күресі мен бірлігіне негізделеді [15, 29].

Ежелгі жазбаларда түркі жұртының Көк Тәңіріне айрықша құрметі көрінеді: Мысалы:

Тәңірінен жаралған Түрік Білге қаған

Биікте көк Тәңірі

Төменде қара жер жаралғанда

Екеуінің арасында адам баласы жаралған.

Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды Тәңірім төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен.

Тәңірі қуат берген соң

әкем қағанның әскері бөрідей болыпты.

Көне түркілер үшін барлық жаратылыстың құдіретті иесі – **Тәңірі**. Ол «Көк», «аспан» ұғымдарымен үндеседі. «Аспан – шамандықтың ең құдіретті жаратушысы. Көк Тәңірі – көк аспан деп аталады. Қазақтар ұғымындағы бірінші аталатын сын есім «көк» көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (тәңірі) «көк» атауының баламасы (синонимі)... Тәңірі сөзін Шыңғыс хан заманында мұсылмандар «Алла» деп, ал, еуропалықтар «deus» деп аударған», –деп көрсетеді Ш. Уәлиханов еңбегінде [17, 183]. «Күлтегін» жазуындағы «Тағдырды Тәңірі жасар» деген тіркестің астарында бүкіл адам баласының тағдыры, амандық-саулығы сол Тәңірінің қолында, ол өз билігін көк биігінен іске асырып отырады деген сенім жатыр [18, 30].

Қазақ ертегілерінің сюжеті мифтегі оқиғалармен тығыз байланысты. Ертегі сюжеті де мифтің негізгі қызметі – ғаламды модельдеу үлгісімен құрылады. Уақыт өте келе мифологиялық оппозиция ғаламның фольклорлық бейнесіне көшкен. Дүниенің жаратылу мифімен байланысты негізгі оппозиция бей-берекет хаос пен реттелген кеңістік

арасындағы қарама-қайшылықтан туындайды: «хаос қарама-қайшылықтың негізгі белгілерін ажыратып, бастапқы нүкте ретінде пайда болды» [19, 9].

2. Пері – періште. Адам баласына әлемнің таңғажайыптарымен байланысты сомдалатын кейіпкерлерінің бірі – перілер. Перілер жан баспайтын орманды жерлер мен елсіз-көлсіз шөл даланы мекен еткен. Олар адам баласына жақын дос та, қастандық жасайтын жау да емес. Перілер адамға көрінбейді. Бұ дүние мен о дүниенің арасындағы бізге беймәлім әлемді мекендейді.

Белгілі «Құла мерген» ертегісінде: «Біз көшпелі пері боламыз, еліміздің ғадеті адамзат тұрмайтұғын жерде тұрамыз. Әгар қапыда адамзат көрсе, соған қыз береді. Ол қыздың әкесі періге патша болады. Он сегіз мың ғаламда адамзаттан қасиетті нәрсе жоқ. Білмеймісің, Құдайдың досы пайғамбар бәрі адамзаттан емес пе?!» деген жолдар бар. Бұл үзіндіден бабаларымыздың перілер әлемі туралы түсінігін көруге болады. «Фольклорлық туындыларда періні бір қауым ел деп суреттейді. Олардың өмір сүру салты да адамзатқа ұқсайды. Перінің қыздары қас сұлу болып келеді. Ел аңыздарына қарасақ, перінің екі түрі – мұсылман және кәпір перісі болады екен. Мұсылман перісі көбіне адам үшін зиянсыз болады», – дейді зерттеуші Ж. Қапалбек [20]. Ал періштелер жерде, көктерде, айналамызда, кез-келген жерде бола алады. Санын тек Жаратушы ие біледі. Әрқайсысының арқалаған міндеті бар. Кейбірі үнемі ғибадат етеді, кейбіреулері тіршілік атаулының тәртібі мен жүйесіне жауап береді. Адамның күші жетпейтін үлкен істер атқарады. Адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандықтан қорғайтын, қиналған кездерде мұминдерге жәрдем беру үшін жіберілетін періштелер де бар [21].

3. Өмір – өлім. Ауыз әдебиеті дәстүрлі мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені ол халық тәжірибесін, халық даналығын және қоршаған әлемнің жағымды және жағымсыз категориялары туралы идеяларды шоғырландырады. «Өмір» мен «өлім» осы категориялардың ең негізгісі болып табылады және «тірі – өлі» бинарлық оппозиция мифологияда тірілер әлемі мен өлілер әлемінің қарама-қайшылығы түрінде жүзеге асырылады. «Тірілер» осы қарама-қайшылықтың бір өрісі ретінде қоршаған әлеммен байланысты тірілер әлемінде бейнеленсе, «өлілер» бұ дүниеден о дүниеге аттанатын өлі адам бейнесінде де, тіршілігін тоқтатқан, тек мифтік шындық бола алатын бүкіл өлі әлемнің бейнесінде де көрініс тапқан. Бинарлық оппозицияның бұл өрісі қазақ фольклорында көптеген мифологиялық кейіпкерлер арқылы бейнеленген, олар тек ырым-жырымдармен және оларды түсіндіретін мифтермен тығыз байланысты ертегілерде ғана емес, сонымен қатар батырлық жырларда да кездеседі, алайда эпостық жырларда «тірі – өлі» бинарлық оппозициясы «ізгілік – жауыздық» оппозициясымен бірге қатар жүрді.

4. Сәттілік – сәтсіздік. Л.А. Муляр «Сәттілік/табысқа жету – сәтсіздік/құлдырау» ұғымын зерттеуге арналған мақаласында ертегінің негізі белгілі бір жолмен әрекет ету қажеттілігіне қарсы тұру және олай әрекет ету мүмкін еместігін атап өтеді. Бұл қарсылық ертегідегі оппозициялардың сюжеті (тыйым салу – тыйымды бұзу, жеңу – жеңілу, өлтіру – қайта тірілу, дуалау – жадын қайтару) арқылы көрінеді. Мифтегі «Табысқа жету – құлдырау» іргелі оппозициясы әртүрлі сюжеттік оқиғалардан көрінеді:

1) рухани (шынайы жетістік) және материалдық (жалған табыс) арасындағы қарама-қайшылық;

2) психикалық күйлер ретінде қозғалыстың, динамизмнің (табыстың) және тыныштықтың, апатияның (төмендеудің) қарсылығы; символдық мағынада бұл өмір (сәттілік) мен өлім (құлдырау) арасындағы қарама-қайшылық;

3) ғажайып (шынайы табыс) мен нақты/рационалды (жалған табыс) арасындағы қарама-қайшылық;

4) асқақ /бірегей (табыс) мен күнделікті/стереотиптік (құлдырау) арасындағы қарама-қайшылық;

5) жеке тұлғаның, бостандық сүйгіш (табыс) және әлеуметтік (құлдырау) қарсылығы;

6) адам дүниетанымының космоцентризмін көрсететін табиғат (шынайы табыс) пен адамзаттың жасаған туындыларының (жалған табыс) қарама-қарсылығы [22, 53-55].

